



ТӨЛЕБИ ТҰҮ



ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

№28 (8788) Жұма, 25 шілде 2025 жыл.

Біздің веб-сайт: <http://www.tolebituy.kz/>

Электронды почта: tolebi_tuy@mail.ru

МӘРТЕБЕҢ БИІК БОЛСЫН, ХАҚ БАСЫЛЫМ!

Үнпарақ тоқсан жаста шежірелі!
Кезайым болып жатыр көріп елі.
Ақтарып қалсаң ғажап сыр-
сандықты,
Қатталған, алтын көмбе көрінеді.
Бұл жерден қанат қағып тәтті
армандар,
Шыңдарға шырқау биік аттанған
бар.
Туған жер жылнамасын жазып
мәңгі,
Көненің көзі болып сақталғандар.

Халықтың көз, құлағы, тілі болған,
Таймаған тура бидей ұлы жолдан.
Кеудесі күмбірлеген күйге толып,
Тоқсан жыл көтерілген күліп арман.

Ақ жолын Төле қарттың
тәпсірлеген,
Ту еткен ақиқатты өткір деген.
Қол созып биіктерге туған жер
мен,
Тарихын алты Алаштың
кескіндеген.

Кезі жоқ шындықтардан қалыс
қалған,
Жаңғырық жетіп жатыр
алыстардан.
Даналық ескен көркем келбетінде,
Сүбелі сөздер қалған арыстардан.
Жаршы боп, жаңа дәуір аш
ғасырын,
«Төле би»! Алшысынан түс асығың!
Ақпарат айдынында желкенің мен,
Мәртебең биік болсын, хақ
басылым!



Алмагүл ҚАРЖАУБАЕВА.

Қызылорда облысы,
Қазалы қаласы.

Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров жұмыс сапарымен Төлеби ауданына келіп, бірқатар әлеуметтік және өндірістік нысандардың жұмысымен танысты. Сапар барысында аудан активімен кездесіп, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты мәселелерді талқылады.

Жиын барысында облыс әкімі 2025 жылдың алғашқы алты айында аудан бойынша негізгі капиталға 20,3 млрд теңге инвестиция тартылғанымен, кейбір ауылдық округ әкімдері межеленген жоспарларды толық орындамағанын атап өтті. Осыған байланысты жауапты әкімдер мен сала жетекшілеріне жұмысты жандандыруды тапсырды.

– Ленгір қаласы қажетті инфрақұрылыммен толық қамтылған. Алайда соңғы жылдары қалада жаңа инвестициялық жобалар іске аспаған. Инвестиция тарту, жаңа өндіріс орындарын ашу бағытындағы жұмыстарды ширату қажет, – деді облыс әкімі.

Облыс басшысы сонымен қатар, Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асып жатқан «Таза Қазақстан» экологиялық акциясының маңыздылығына тоқталып, бұл бастама уақытша науқан емес, жыл бойы жалғасатын тұрақты жұмыс екенін еске салды. Қоршаған ортаны таза ұстау – әр азаматтың күнделікті дағдысына айналуы тиіс екенін атап өтті.

Сөз соңында Нұралхан Көшеров ауданның өзіндік кіріс көлемін арттыру, ауыл

шаруашылығын, кәсіпкерлікті және туризм саласын дамыту бағытында нақты тапсырмалар берді.

Аудан әкімдігінде өткен мәжілісте аудан

Облыс әкімі – Төлебиде

әкімі Еркеғали Әлімқұлов бірінші жартыжылдықтың қорытындысын баяндап, салалар бойынша атқарылған жұмыстарға тоқталды. Сонымен қатар, басқарма басшылары өз бағыттары бойынша жоспарлар мен орын алған кемшіліктерді атап өтіп, нақты міндеттер жүктелді.

2025 жылдың алғашқы 6 айында ауданның жалпы өңірлік өнім көлемі 70,8 млрд теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда 39%-ға артты. Өңірлік өнім құрылымында өнеркәсіп саласының үлесі – 53,3%, ауыл шаруашылығы – 20,4%, сауда – 18,4% және құрылыс саласы – 7,9% болды.

Жан басына шаққандағы ішкі өнім көлемі 480 мың теңгеге жетіп, бұл көрсеткіш те 39%-ға өсім көрсетіп отыр. Өнеркәсіп өнімінің жалпы көлемі 37,7 млрд теңгені құрап, нақты көлем индексі 107,9%-ды көрсетті. Оның ішінде өңдеу өнеркәсібінің үлесі 34 млрд теңге болса, бұл өткен жылмен салыстырғанда 10,7%-ға артық.

Аудан экономикасын әртараптандыру және жаңа жұмыс орындарын ашу мақсатында жалпы құны 6,5 млрд теңгені құрайтын 4 ірі инвестициялық жобаны жүзеге асыру жоспарлануда. Бұл жобалар нәтижесінде 180 жаңа жұмыс орны ашылады.

«Төлеби-ақпарат».

Төлеби ауданының жылнамасын тасқа таңбалау өңір аумағындағы басқа да аудандық газеттер сияқты сонау 1935 жылдан басталды. 1935 жылдың 15 наурызында большевиктер партиясының аудандық комитеті мен аудандық атқару комитетінің органы ретінде «Сталин жолы» газетінің алғашқы саны жарыққа шықты. Өкінішке қарай, сол замандағы жоқшылықтың әсерінен болар, алғашқы жылы газеттің 4 саны ғана жарық көрді. 1936 жылы газеттің 30 саны, 1937 жылы 95 саны жарық көрсе, 1943 жылы 35 саны оқырмандардың қолына тиді. 1944-1945 жылдары газет мүлдем шыққан жоқ. Республикалық Ұлттық кітапхананың қорында аталмыш газеттің тігінділері толық емес екен. 1935-1952 жылдар аралығында «Сталин жолының» 7 жылдық тігінділері ғана табылды. Газеттерге Тойымбетов, Бейсебаев, Ізбасаров атты кісілер редактор ретінде қол қойған.

1952 жылдың 30 сәуірінде большевиктер партиясының Ленгір қалалық комитеті мен еңбекшілер депутаттары қалалық Советінің органы «Ленгір жұмысшысы», «Ленгерский рабочий» газетінің 1-номері жарық көрді. Басылымның алғашқы редакторы Нәмет Сүлейменов болды. Қала газетінің редакциясы Ленгір қаласының Вахрушев көшесіндегі №32 үйде орналасты. Газет қалалық баспаханада 1250 дана таралыммен басылды. Осы жылғы 31 тамыздағы газеттің 29-шы саны қызыл және көк бояумен басылып шықты. 1952 жылдың 25 қыркүйектегі 35-ші санынан бастап газетке редактор ретінде Әбдіраш Сағындықов қол қойды. 1953 жылдан бастап газеттер аптасына екі рет шыға бастады. 1956 жылы да газет таралымы 1250 данадан төмендеген жоқ. Бұл газет 1956 жылы 20 тамызда жабылды да, сол жылы 25-тамызда ауданда Қазақстан Компартиясы Георгиев аудандық комитеті мен аудандық советінің органы «Еңбек туы» және «Знамя труда» газеттері ашылып, 1962 жылдың 27-сәуіріне дейін тұрғындарға ақпарат таратты. Газет редакторы міндетін Ә.Сағындықов атқарды.

Газеттердің редакторы Ә.Сағындықов 1956 жылы газет жұмысына Нұсрат Ахметов, Смайыл Омаров, Жамалбек Келгенбаев, Құрбанкүл Байболова сынды

Таймаған ұлы бидей, тура жолдан



жастарды тартты. Келесі жылы газет жұмысына Сыдық Құмарұлы, Әбдіразақ Төлебаев, Файзолла Оразаев және Жанәлі Рсымбетов араласты. 1960 жылы, қазіргі үлкен ғалым, профессор Мамытбек Қалдыбаев осы газеттердің корректоры болды.

«Құрмет» орденінің иегері, Төлеби ауданының Құрметті азаматы, Қазақстанның Құрметті журналисі Көшкінбай Елікбаев 1961 жылы газетте алғашқы мақаласын жарияласа, ақын және мұғалім Асқар Иманалиев, Мұхтар Шаханов, Мақұл Атаев және Елтай Боранбаев газет жұмысына араласа бастады.

1963 жылдың 1 мамырында газет атауы өзгеріп «Ильич жолы», «Путь Ильича» газеттерінің 1-ші саны оқырмандарға жол тартты. Молдабек Дәулетбаев фототілші, Нұсрат Ахметов жауапты хатшы, Мәтқали Жексенбаев әдеби қызметкер лауазымына қабылданды. Қуат Аблаев, Сарыбай Спанов, Кәдірбек Баударбеков, корректор қызметін атқарып, Андас Оразалиев автокөлікті тізгіндеді. 1967 жылдан бастап Кеңес Одағы тараған уақытқа дейін газетте өндіре жұмыс істеген мықты шығармашылық топ қалыптасты. Сәбит Баянов фототілші, Ғарифолла Шыбынтаев бөлім меңгерушісі, Кәдірбек Баударбеков, Мәзрап Аблаев, Жорабек Сүйеубеков әдеби қызметкер, Мейірман Арымбаев автокөлік жүргізушісі, Әбубәкір Сейдуалиев, Есеналы Ералиев, Тамара Ивановна Грушко, Қалима Әбдірахманова, Мұхтар Жүнісбеков корректор қызметінде оқырмандарға мазмұнды газет ұсынуға атсалысты. Газетте қызметін тілші болып бастаған Зейнекүл Сейсенова (Қатшыбекова) ұзақ жылдар бас редактордың орынбасары бола жүріп, көптеген шөкірт тәрбиеледі. Кейін Қазақстан Халықтар Ассамблеясының «Достық-Дружба» журналының бас редакторы ретінде елімізді әлемге танытқан журналистің бірі атанды.

1977 жылы облыстық партия комитеті бюросының шешімімен Захардин Қыстаубаев «Ильич жолы» газетінің редакторы болып бекітілді. Партия тапсырмасымен Кентау қалалық газетіне редактор

қызметіне тағайындалған Әбдіраш Сағындықов 4 айдан соң Ленгірге қайта оралып, 1983 жылдың 31 тамызы зейнет демалысына шыққанға дейін редактор қызметін атқарды.

1983 жылы аудандық партия комитеті бюросының шешімімен газет редакторы лауазымына Владимир Владимирович Ким бекітілді. Оның орынбасарлары қызметін Зейнекүл Сейсенова екеуіміз атқардық.

1975 жылы «Ильич жолына» мен, 1978 жылы Күлия Айдарбекова, 1982 жылы Орынбасар Сүттібаев, Серік Жексенбаев тілші қызметіне қабылданды. 1984 жылдан тілші болып істеген Берік Монтаев 1988 жылы Шымкент қаласына ауысты. Қазір облыстық «Южный Казахстан» газетінің тілшісі қызметінде. 1986 жылы Авазхан Боранбаев, Ілияс Ахметов, Ғалымжан Мырзалиев, Гүлшат Үрпекбаева редакция қызметкерлерінің қатарын толықтырды. Тілші лауазымына қабылданған Күлия Айдарбекова көп ұзамай бөлім меңгерушісі қызметіне жоғарылады. Араға жылдар салып тәжірибесі толысқан кезде аудандық атқару комитетіне мемлекеттік қызметке қабылданды. Аудандық өкімдікте бас маман, инспектор, бөлім меңгерушісі бола жүріп, аудандық мәдениет бөлімінің бастығы лауазымына көтерілді. Уақыт өте облыстық тілдерді дамыту басқармасына, 2010 жылдан бастап облыстық мәдениет басқармасына басшылық жасады. Барлық қызметте абыройлы болған әріптесіміз бірнеше кітаптардың авторы атанып, мемлекеттік марапаттарға ие болды.

Серікқали Жексенбай ҚазМУ-ды бітірген соң, еңбек жолын «Ильич жолы» газетінде бастап, тілші, бөлім меңгерушісі, редакцияның жауапты хатшысы қызметтері сатысынан өтті. Еңбекқор, тиянақты қызметкер болып, уақыт өте аудандық өкімдіктің Тіл басқармасының басшысы қызметіне тағайындалды. Облыс орталығында «Евразия КЗ» газетіне ауысып, кейінірек «Оңтүстік Қазақстан» газетінде бөлім басшысы болды.

Қазір Алматыдағы «Қазығұрт» баспасының президенті, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің доценті болып істейтін, ақын Темірғали Көпбаев 1986 жылы газеттің радиобабын ұйымдастырушы лауазымынан бастап, бас редактордың орынбасары қызметінде басылымның абыройын асқақтатты. Ауданның Құрметті азаматы, халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері оншақты кітапты оқырмандарына ұсынып, олардың ықыласына бөленді.

(Жалғасы 2-бетте).

(Жалғасы. Басы 1-бетте).

Орынбасар Сүттібаев 43 жылдан бері осы газетте табан аудармай халыққа қызмет етуде. Осы жылдар ішінде оның қаламынан шыққан туындылар 10 кітап болып елге тарады. Ауданның Құрметті азаматы, Қазақстанның Құрметті журналисі қазір де шығармашылық бабында.

Ал Авазхан Боранбаев «Знамя Тoleбия» газеті өкімдіктің шешімімен шығуын тоқтатқан соң облыстық «Жанубий Қозоғистон» газетіне қызмет ауыстырды. Ол жерде жұмысын тілшіліктен бастаған өріптесіміз соңғы оншақты жыл бедерінде газет бас редакторының орынбасары болып істеуде.

Бүгін 90 жылдық мерейжасы тойланып жатқан «Төлеби туы» және «Знамя Тoleбия» газеттерінің бас редакторы қызметіне 1989 жылдың 1 тамызында Алматы жоғары партия мектебінің түлегі, осы жолдардың авторы Әбдімәлік Рахманқұлов тағайындалды.

1993 жылы Ғалымжан Елшібаев корректор лауазымына тағайындалды. Ғалымжан Қамытбекұлы көп ұзамай тілші, бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарып, тың тақырыптарға қалам сілттеді. Қазақ Ұлттық университетінің журналистика факультетін сырттай бітірген соң, «Шымкент келбеті» газетіне қызмет ауыстырды. Қазақтың белді газеттерінің бірі «Жас Алашта» өңір тілшісі атанды. Қазақстан Журналистер одағы облыстық филиалының төрағасы болды. Қазір ол қазақ баспасөзінің қарашаңырағы – «Егемен Қазақстан» газетінің Түркістан облысындағы меншікті тілшісі қызметінде. Облыстық мәслихаттың депутаты.

1994 жылы Шадияр Молдабеков еңбек жолын корректорлықтан бастап, кейін «Шымкент келбеті» газетінде істеді. Қазір республикалық «Өзге пікір» газетінің бас редакторы. Сол жылы Қанат Әлібеков, Ақжан Иманалиева қызметке келді. 2003-2009 жылдары Бақыт Иркитова, Жанар Ережепова, Назгүл Назарбекова, Еркін Бабаев, Дина Хангелді, Лаура Тастанбекова, Аягөз Сүлейменова, Әнуар Жұмашбаев, Төлеген Ахметов, Әмзе Молдабаев, Алтынай Ізілеуова, Аида Әбдірәсілова жауапты қызметтерге қабылданды.

Уақыт өте келе, бұл қызметкерлердің үлкен бір тобы облыс және республика аумағындағы газет журналдарда жұмыс істеп, ауданның абыройын арттырды. Қазір құрметті зейнет демалысына шыққанымен, көпшілігі сүйікті жұмысынан қол үзген жоқ.

Баспа ісі саласының ерекшелігіне орай газет шығару оңайға түспеді. Алғашқы жылдары баспахана жұмысшылары әр сөзді жеке металл өріптермен құрасыратын. Бұл өте жауапты және аса ауыр жұмыс еді. Кейін өріп теру механикандырылып, линотип машиналары іске қосылды. Мұнда сөйлемдегі әрбір жол өзінің көлеміне қарай матрицалармен теріліп, қорғасынмен құйылды. Бұл машиналарда жұмыс істеген Сәбит Баянов, Балтабай Рүстембеков, Сара Сыздықова, Лиза Зинурова күрделі техниканы ұршықтай иірді. Кейде қыс айларында шаршап, жаураған газет беттеушілер шалынысып, бетті жазатайым жерге төгіп алғанда Балтабай ағамыз оны қайта теретін. Ол кісінің шеберлігі соншалықты, кейде бізбен сөйлесіп отырып, мақаланы мәтінге қарамай-ақ, көзін жұмып тере беретін. Бір жолы бөсекелесіп, газеттің тұтас бетін екі сағатта теріп, дайындап бергенде, біз қайта оқып, бүкіл беттен төрт қана өріп қатесін таптық. Кейде газетті дайындап, оның қатесін түзетіп болғанша, таң атып кететін. Оқырман қолына баспахана иісі аңқыған жаңа нөмірді таңертең уақтылы жеткізу үшін ондаған адам таңды ұрып, жұмыс істейтін. Осы жұмысы күрделі баспаханы әр жылдары Сәбит Баянов, Александр Васильевич Горбатовский, Жамалбек Келгенбаев, Ерғали Аймаханов, Қуаныш Пернебаев, Ордабек Әбдіқайымов сынды азаматтар басқарды.

Уақытпен санаспай, күн, түн демей жұмыс істеген Ақтамақ Баянова, Жарқын Сереханова, Мінайым Садықова, Ырысай Сахалбаева, Назым Досбергенова, Мәрзия Сейдуалиева, Күләм Оразбақова, Еркін Атабекова, Рүстем Өсеров және Мұхтар Досмайылов есімді газет басушылар өз жұмысының нағыз шеберлері болды.

Бет құрастырушылар Лидия Петровна Каверзина, Полина Демьяновна Кругова, Раиса Николаевна Горбатых, Вера Васильевна Чечурко және Любовь Григорьевна Синельникова өз ісінің майталманы, алтын қолды шеберлер еді.

1-ші саны 1963 жылы 1 мамырда шыққан «Ильич жолы» газетінің соңғы нөмірі араға 28 жыл салып, 1991 жылы 19 қарашада басылып, оның дәуірі аяқталды. Бұл газеттің сол жылғы 100-ші немесе жалпы рет саны бойынша 6712-ші нөмір болатын.

Сол жылы күзде Ленгір ауданына Төлеби бабамыздың есімі берілуіне байланысты аудандық өкімдік пен аудандық Кеңестің бірлескен шешімімен «Ильич жолы» газетінің атауы «Төлеби туы» болып өзгертілді. Оның алғашқы саны жылнамада 101-ші немесе 6713 болып жалғасты. Арада 34 жыл өткен соң, бүгін газеттің 90 жылдық мерейжасы тойланып отырған аудандық газеттің 8788-ші саны қолдарыңызға тиді.

Кезінде оқырмандарды газетке жаздырумен айналысатын аудандық байланыс торабы әр басылымды иесіне дер кезінде жеткізіп беретін. Қазір басқа да басылымдар сияқты «Төлеби туы» газетін жаздырып, оқырмандарына жеткізумен «Қазпочта» АҚ аудандық филиалы, ЖК «Бектұрғанов», «Төлеби пресс» ЖШС және жеке азаматтар айналысады.

Иә, уақыт ағымына орай аты аталған газеттер өздерінің жоғары органының талабына сай қызмет атқарып, ақпарат таратты. Оны осы газеттермен бірге жасасып келе жатқан оқырмандар ұмыта қойған жоқ. Осы жылдар ішінде аудан халқымен бірге қуанышты бөлісіп, өкінішті жайттарды да бастан өткердік. Десек те ауданымыздың өмірінде қуанышты, мерейімізді тасытқан шуақты кезеңдер аз болған жоқ.

Газеттің қазіргі бас редакторы лауазымында бола отырып, кеңес заманында аупаркомның 4 бірінші хатшысымен, тәуелсіз Қазақстанның аудандағы 12-ші өкімімен қызметтес болып келе жатқандықтан, өткен тарихты бір кісідей білемін, салыстырмалы түрде

Таймаған ұлы бидей, тура жолдан

саралай аламын деп ойлаймын.

Әр жылдары ауданды басқарған өкімдердің арасында Алмасбек Бекмұханбетовтің, Қалыбек Алдабергеновтің, Байділда Жылқышевтің, Батырбек Көшербайдың, Әуелхан Тұрғыбековтің, Бұқарбай Пармановтың Бауыржан Омарбековтің жасампаздық еңбегіне аудан халқы алғысын айтты. Олар аудан тұрғындарымен барынша жақын араласып, мұң-мұқтажын тыңдап, оны шешуге атсалысты. «Төлеби туы» газетінің жұмысына



әркез қолдау жасап, аудан халқына шынайы ақпарат таралуына үлес қосты.

Әрине, аудан тарихының жолы әрдайым даңғыл бола қойған жоқ. Ауылды ұлардай шулатып, заңсыз әрекеттері арқылы адамдарды сандалтқан өкімдер де кездесті. Олардың бірі тау-тасты қопарып, табиғатты қорлауымен, енді бірі колхоз, совхоздардың малын сұраусыз шашып, баба атындағы газеттің шығарылуын уақытша болса да тоқтатуымен, ал енді бірі өндірістік кооперативтің теңгеріміндегі 27 гектар суармалы жерді «барымталап», мемлекет қаржысын заңсыз шашып, жалған шешім қабылдау арқылы ауданның шұрайлы жерлерін «керекті адамдарға» таратуымен есте қалды.

Ал ауданға былтырғы жылдың соңында келіп, өкімшілік тізгінін қолына алған Еркеғали Өлімқұловтың жұмысына баға беруге әлі ертерек сияқты. Бірақ оның бұрынғы өкімдерден ерекшелігі сол, қазірге дейін өз сөзін, идеялары мен іс-әрекетін аудан тұрғындарына аудандық газет арқылы жеткізуге асықпайтындығында болып тұр. Бұл ерекшелік өкімнің орынбасарларына да тән екендігі байқалады.

Мақтағанды кім жек көрсін? Бұл түсінікті ғой. Кейде келеңсіз оқиғалар жайлы ойынды ортаға салып, оқырман арызы бойынша даулы тақырыптарға журналистік зерттеу жүргізуге тура келеді. Бұндай кезде тілшінің де жүрегіне едеуір салмақ түсетінін жасыруға болмас. Әйтсе де төлебилік азаматтардың көпшілігі өз міндетін адал атқарып, заң аясында өмір сүруіне қуантады.

Газет редакциясы облыс өкімінің шешімі негізінде 2013 жылы бөсекелестік ортаға берілді, басылым құрылтайшысы өзгерді. Бұл «Төлеби туының» алдағы уақытта да өз оқырмандарының сеніміне адалдық танытуға міндеттейді.

Жалпы, газет жұмысы ешқашан да жеңіл болмаған. Себебі ол жартылай өндіріс болып табылады. Бұл газетке ақпарат іздеп, тауып, сараптап, өңдеп, қағазға түсіргеннен бастап облыстағы баспаханадан басылып, аудандағы газет таратушылардың қоймасына түскенше, әр жаздырып алушының қолына тигенше барлық жауапкершілік редакцияның, оның басшысының мойнында болады деген сөз. Бұл жұмыс көп мөлшерде материалдық, қаржылық, моральдық жауапкершілікті талап етеді.

Бүгін мереке күні газеттің араласуымен шешімін тапқан бірді-екілі мәселені еске алмай кетуге болмас, сірә. Тәуелсіздік таңы атқан тұста ауданның тұңғыш өкімі тұрғындардың қарсылығына қарамастан, Қасқасу баурайындағы төбеден қоңыр көмір өндіруге әрекет жасаған кезде ауылдастардың шағымына сәйкес «Төлеби туы» араша түсті. Екі ай бойы газетте Қасқасудың тұмса табиғатына қол сұқпауды, экологиялық апатқа жол бермеуді талап еткен оқырмандарымыздың мақалаларын жариялады. Тауға барып, ауыл азаматтарымен бірге ауыр техниканы көмір шыққан жерге өткізбейдік түрлі амалдарын жасадық. Аудандық мәслихаттың депутаттарымен бірлесіп, облыстық тиісті мекемелерден шақырған басшылар мен мамандарды қатыстыра отырып, тұрақты комиссиялардың Қасқасу көмірін қазуға тыйым салған қаулысын қабылдадық.

Егер сол кезде өкімнің жобасы жүзеге асып, көнді жарылыс арқылы өндіргенде, жер қабатындағы тастардың ыдырауынан Қасқасу өзені мүлдем жойылып, таулы аймақтың экологиясына орасан зор апат келер еді. Барлық ағаш, өсімдіктер қурап, ауылдың үдере көшуіне соғатын көріністі қазір көзге елестетудің өзі қиын.

Бүкіл ауыл болып арашалап қалған Қасқасуға инфрақұрылым тартылып әлемдік деңгейге лайық туристік аймақ нысандарын салу қолға алынды.

Бұл оқиғаны газет ұжымының, оқырмандардың үлкен жеңісі, сауапты ісі болды деп ойлаймыз.

1998 жылы тағы бір өкпешіл өкімнің тұсында Тағайна мектебінің басшысы, досымыз Османәлі Қадырұлының бастамасымен қолға алған қазақтың ұмыт бола бастаған сауапты ісі – асарды тірілтуіміз сол кезде шаршап жүрген төлебиліктерді дүр сілкіндірді.

«Төлеби туының» қолдауымен ауыл тұрғындарының, жора-жолдастардың, тілеулес достардың басын қосып, мектепке қосымша кабинеттер мен спортзал, басқа да қажетті ғимараттарды өз қаржымызға тұрғыздық. Сол кездегі аудан басшысы өзіне қарасты мекемелерде жұмыс істейтін мамандарға Тағайна мектебіне баруға тыйым салғандықтан, бар жауапкершілікті мойнымызға алып, бетон құйып, лай илеп, кірпіш өріп, қабырғаларды сылап, дегендей, жан-жақты маман болып шықтық. Мектеп жаңа оқу жылына дайын болған тұста, аудан өкімі қызметіне тағайындалған Қалыбек Алдабергеновтің алғашқы іссапарын Тағайна ауылынан бастағаны біз үшін өте жемісті болды. Жаңа өкімнің бұл бастаманы барынша қолдауынан соң, екі жыл ішінде аудандағы 12 ауылға асар әдісімен мектеп ғимараттары салынып, пайдалануға берілді. Оның ішінде үш қабатты қазіргі Әл-Фараби атындағы орта мектептің оқу корпусы да бар.

Өкімнің қолдауы, аудан мектептерінің ұжымын асарға кең тартуы білім ордаларындағы моральдық-психологиялық ахуалға да оң әсер етті. Өріптестер екі жылдың ішінде жақын араласып, танысып-білісті, өрі көпшілігі маман құрылысшы болып шықты. Осы жұмыстардың барлығы газеттің қолдауымен кең насихатталды, өрі бұл тың бастама облыс аумағынан асып, республикаға жайылды.

Жалпы, коммунистік партия тұсындағы аудан басшыларының үдеге берік, өз сөзіне жауап бере алатын азаматтар болғанын көзіміз көрді. Олар аудандық комитеттің органы болған өз газеттеріне ұдайы мақала жариялап, журналистермен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеді. Ол кезде баспасөз бетінде қатаң сынға ұшыраған қызметкерлердің лауазымы төмендетілетін немесе қызметінен босатылатын. Ал жақсы жұмысымен көзге түскен адал азаматтар жайлы газетте жарияланған мақаладан соң, олардың мәртебесі өсіп, ерекше құрметке ие болатын. Еңбек адамдарының көпшілігінің мемлекеттік марапаттарға ие болып, қызметі өскеніне бүгінгі ардагерлер күйе.

«Төлеби туы» бүгінгі мерекеге үлкен табыстармен жетті. Тек тәуелсіздік жылдарының өзінде ғана кезінде осы газетте еңбек жолын бастап, тәжірибе жинақтап, үлкен өмірге қадам басқан өріптестеріміздің қол жеткен табыстары айрықша атап өтуге тұрарлық. Біздің газеттің қазанында қайнап, шындалған 6 азаматтың «Құрмет» орденімен марапатталуын бастап тұтар құбылыс санаймын. Осы жылдар ішінде ұлағатты ұстаз, қазіргі штаттан тыс тілшіміз, Төлеби ауданының Құрметті азаматы, Қазақстанның Құрметті журналисі Көшкінбай Елікбаев, Төлеби ауданының Құрметті азаматы, F.Мүсірепов атындағы сыйлықтың иегері, жазушы Күлия Смайылханқызы Айдарбекова, «Қазығұрт» баспасының президенті, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің доценті, ақын, Төлеби ауданының Құрметті азаматы, Халықаралық Ақпаратандыру Академиясының академигі Темірғали Мұратбекұлы Көпбаев, «Оңтүстік Қазақстан» газетінің тілшісі, Төлеби ауданының Құрметті азаматы, Қазақстанның Құрметті журналисі Серікқали Мәтқалиұлы Жексенбаев, «Төлеби туы» газетін өз мектебі санап, оның басшысын ұстаз тұтыатын «Айғақ» медиахолдингінің президенті, Төлеби ауданының Құрметті азаматы, Қазақстанның Құрметті журналисі, облыстық мәслихаттың депутаты Дулат Назарбекұлы Әбіш және ұзақ жылдар бойы аудандық газетті басқан баспаханың директоры болып біздің ұжыммен қоян-қолтық еңбек еткен Төлеби ауданының Құрметті азаматы, Ленгір қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ордабек Әбдіқайымовтың «Құрмет» орденінің иегері екендігін төлебиліктердің көпшілігі біле бермес. Біздің газеттің айрықша мақтанышы болып отырған осы азаматтардың басына қонған бақ республикадағы тағы қандай газеттерге бұйырды екен?!

Айта берсек біздің газеттің тарихында бұндай шуақты сәттер аз болған жоқ.

...Кезінде 40-тан астам қызметкер жұмыс істеп, аптасына 3 рет шыққан газет редакциясы заман ағымына бейімделіп, қазір шағын ұжымға айналды. Штатында 8 қызметкері бар «Төлеби туы» абыз қарияның жасы 90-ға толды. Алла елімізге тыныштық пен татулық, бақ-береке берсе, газеттің 100 жылдық мерекесін атап өту бақыты да бұйырар. Сол күндерге аман-сау жеткізсін деп тілейік!

Төлеби бабасындай тура жолдан таймаған газеттің барша жанашырына қуаныш құтты болсын деймін!

Әбдімәлік РАХМАНҚҰЛОВ,
«Төлеби туы» қоғамдық-саяси газетінің
редакциясы» ЖШС директоры – бас редактор.

Шындық пен әділдіктің туы құлаамасын!



Биыл газетіміздің 90 жылдық торқалы тойын атап өтудеміз. Тарих тереңінен тамыр тартқан басылым – ауданымыздың айнасы, халық пен биліктің алтын көпірі, елдің үні мен үмітін жеткізуші сенімді серігі бола білді. 90 жыл бойы елмен етене жақын болып, талай буын оқырманның жүрегіне жол тапты.

Бұл мерейтой – «Төлеби туы» газетінің ғана емес, осы басылымда қалам тербеген әрбір журналистің, бет қаттауға қатысқан техникалық мамандардың, тұрақты авторлар мен ізгі ниетті оқырмандардың ортақ қуанышы.

1935 жылы іргесі қаланған басылым – тарихтың талай белесін бастан өткеріп, халықпен бірге өсіп, өркендеді. Ауданның айнасына айналған басылымда еңбек еткен әрбір азаматтың қолтаңбасы тарих бетінде сақталып, ұрпаққа өнеге болары анық.

Осы 90 жыл ішінде сөздің салмағын пайымдап, ел рухын көтерген қаламгерлер ауданның тыныс-тіршілігін жазып, ұлттық сана мен идеологияны қалыптастыруға, ауданның жылнамасын жазуға өлшеусіз еңбек сіңірді.

Солардың ішінде марқұм Ғарифолла Шыбынтаев пен Кәдірбек Баударбековпен, зейнеткерлер Тамара Грушко, Қалима Әбдірахманова, Алтынқыз Ізтілеуова, Бақыт Иркитова, Күлшат Үрпекбаевамен, журналистер Ғалымжан Елшібай, Раушан Баударбекова, Шадиар Молдабеков, Дина Хангелді, Назгүл Назарбекова, Еркін Бабаев, Лаура Тастанбекова, Маржан Темірбекова, Аяғез Сүлейменова, Дильбар Мамаева, әкелі-балалы Илияс және Төлеген Ахметовтермен, т.б. қызметтес болдым.

Өткенге көз жүгіртсем, «Төлеби туына» келгеніме биыл 30 жыл болыпты. 1995 жылы аудармашы болып жұмысқа орналасып, кейін «Знамя Төлебия» газетінде теруші-дизайнер қызметін атқардым. 2009 жылы орыс тіліндегі басылымның жабылуына байланысты маған «Төлеби туы» газетіне тілші қызметі ұсынылып, еркін тақырыпқа 2-3 мақала жазып келу тапсырылды. Мен бұл ұсынысты қуана қабыл алып, тапсырманы дер кезінде орындап келдім. Мақалаларымды оқып, танысқан бас редактордың орынбасары Сүттібаев Орынбасар ағай бас редактор Әбдімәлік Түймебекұлына жақсы пікірін білдірді. Осылайша газеттің 2009 жылғы алғашқы санында Кәдірбек Баударбековтің «Ақжан қолына қалам алды» деген мақаласы мен бір бетте менің тырнақалды туындыларым жарияланды. Алғашқы мақаламды сағынышқа толы жүрегіммен марқұм әкеме арнап жазған едім. Менің өмір жолымның осы арнауға түсуіне де сүйікті әкемнің ықпалы болды деп ойлаймын. Әкемнің кенже қызы болғандықтан, мені көп еркелететін. Қырық жыл математикадан дәріс беріп, ақындығымен танылған ардақты әкем бала күнімде ой-қиялы, тіл байлығы дамысын десе керек, ойдан құрастырып ертегі айтқызатын. Мұқият тыңдап алып, мақтау сөздерін аямайтын. «Менің алтын қызым журналист болады!» дегенді жиі айтушы еді. Өзім ұстаз болуды армандағаныммен, ол мамандық бойынша еңбек ету бұйырмапты. Бірақ әкемнің адал ниетімен салынған сүрлеуге түскеніме, өзімнің осы салада, қара шаңырақ «Төлеби туы» газетінде қал-қадерімше еңбек етіп жүргеніме қуанамын.

Ешкім қолына қалам ұстай салып, ойын мүдірмей еркін жеткізетін, мінсіз жазатын журналист болып кетпейтіні белгілі. Сол секілді мен де алдыңғы аға буыннан тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге алдым, тәжірибе жинақтадым. Қара шаңырақта еңбек еткен 30 жыл ішінде кәсіби қаламгерлерді ұстаз тұтып, журналистік кәсіптің қыр-сырын үйрендім, әлі де үйренерім көп. Дос-құрбы арттырдым. Береке-бірлігі, өзіл-қалжыңы жарасқан, әріптестік, достық пейіл қалыптасқан ұжымда өткен еңбек жолым естеліктерге толы.

Ұжым болған соң, қиыны мен қызығы қатар жүреді. Сонау өтпелі кезеңде жұмыс уақытында электр жарығы жиі өшіп, кешке қалып жұмыс істеуге тура келетін. Сол кезеңдерде ешкім ренжіп, «жұмыс уақыты бітті ғой!» деп қарсылық білдіріп жатпайтын. Әркім өзіне жүктелген міндетті тиянақты орындап, газет баспаға дайын болғанда ғана үйіне қайтатын. Бұл – ұйымшылдық пен өзара сыйластықтың көрінісі, ұжымның ұйытқысы бола білген редакция басшылығының кәсіби шеберлігі мен адами беделінің нәтижесі. Осындай бірлік пен жауапкершіліктің арқасында газет өз оқырманын ешбір шығарылымсыз қалдырған емес.

Жарты ғасырдан бері осы газет редакциясында еңбек етіп, оның 36 жылында бас редактор қызметін атқарып жүрген Әбдімәлік Түймебекұлы – комсомол ұйымында, жоғары партия мектебінде шыңдалған басшы. Оның талапшылдығы мен темірдей тәртіп орнатуының арқасында біздің газет облыстық БАҚ байқауында бірнеше рет жеңімпаз болды, облыс әкімінің арнайы сыйлығымен бірнеше рет марапатталды.

Бас редактордың орынбасары Орынбасар Үсіпбайұлы редакцияда еңбек еткен 43 жылдық шығармашылық жолында талай өзекті тақырыптарды көтеріп, қоғамдық пікірді қалыптастыруға айтарлықтай еңбек сіңіріп келеді. Иісі қазаққа танымал ән «Әкем – әнімнің» сөзін жазған Орекеңнің мықты ақын екенін көпшілік мойындаған. Ұжымда қандай қуаныш орын алса, соған сәйкес шумақтары, әрқайсымыздың туған күнімізде арнау өлеңі дайын тұрады.

Ұжым мүшелері отбасылық қуаныштарын да бірге атап өтеді. «Төлеби туына» жұмысқа ауысқан жылы дүниеге келген қызым Айданы ұядан ұшырып, құтты орнына қондырған тойында бүкіл ұжым ақ тілегін айтып, шығарып салды. Қызымның алғаш қадамын қаз-қаз басқаны, мектеп табалдырығын аттап, қолына аттестат алғаны, жоғары оқу орнының студенті атанғаны, дипломын алып, ұзатылғаны ұжымның көз алдында өтті. Бүгінде үш перзенттің анасы атанған сұлуым бізге тәп-тәтті үш немере сыйлады. Осы секілді әріптестерімнің де ұл-қыздары көз алдымызда есейіп, алды бір-бір шаңырақ иесі болса, кейінгілері жоғары оқу орнының студенттері атанды.

Біздің редакцияда Наурыз, Жаңа жыл мерекелерін балаларымызбен атап өтетін жақсы дәстүр қалыптасқан еді. Сондай мерекелерде баршамыздың балапандарымыз өз өнерлерін көрсетіп, бас редактордың қолынан сыйлықтарын алатын. Сол үрдіс қазіргі күнге дейін жалғасын табуда. Бүгінде балаларымыздың орнын немерелеріміз басып келеді.

«Төлеби туының» 90 жылдық мерейтойы құтты болсын, оқырман! Баршамызға ар-намыстың алдаспаны, шындық пен әділдіктің туы, жаңалықтың жаршысы, аудан тынысының жылнамашысы – «Төлеби туының» ғасыр тойының куәгері болуды жазсын! «Төлеби туының» тұғыры биік болсын!

Ақжан ИМАНАЛИЕВА,
«Төлеби туы» газеті әлеумет және бұқарамен байланыс бөлімінің меңгерушісі.

«Төлеби туы» – менің жүрегімде ерекше орны бар қасиетті ұжым. Осы шаңырақта журналистік жолымды жалғастырып, ізденуді,

сырт көзге байқала бермейтін ерекше дүние. Онда бірлік пен түсіністік, идея мен ізденіс, талғам мен талап қатар жүретін. Газет –

німіз – тек ақпарат емес, ол – елдің жаны, халықтың үнін жеткізуші.

Қазір артқа қарап отырып, сол бір шуақты жыл-

Рухы мықты ұжым – тарихтың тірі шежіресі

шындықты айту мен ақиқатты қорғауды үйрендім. Мұндағы әр әріп, әр мақала – термен, толғаныспен, жүрекпен жазылған. Бұл жерде мен тек жазу өнерін емес, адалдықты, елге қызмет етудің қадірін түсіндім.

90 жыл – бұл жай сан емес. Бұл – маңдай тер мен рухани биіктікке толы ға-сырға жуық ғұмыр. Осындай ұлы жолдың бір тармағы болғаныма қуанамын.

Бұл газетке алғаш келген сәттен бастап, ерекше шабытты сезіндім. Бау-бақшамен көмкерілген 2 қабатты ғимараттың ішінде үлкен әлем бар еді. Бұл – қалам мен жүрек үндескен, қоғам мен тіршілік қайнаған орта. Әр мақаланың артында тұтастай тағдыр, аудан тарихы тұратын.

Бұл жер маған тек кәсіп емес, өмірлік бағыт берді. Редакциядағы бас редактор мен орынбасарлары, тіпті корректорға дейін – менің ұстаздарым, тағылым иелері болды.

Олар редакцияның ішкі мәдениетін қалыптастырған, бәрі де аянбай еңбек еткен, сөздің салмағын түсінетін азаматтар, өз ісінің нағыз жанашыр майталмандары еді.

Редакцияның ішкі әлемі –

күнделікті өмірдің айнасы ғана емес, елдің болмысын, рухын жеткізуші құрал. Ал сол рухты дұрыс жеткізу – нағыз мамандардың қолынан келеді.

«Төлеби туының» әр шыққан нөмірі мен үшін үлкен қуаныш болатын. Әр мақала – жүрекпен өлшенетін. Себебі біз елдің аманатын үкілеп, халықтың сенімін арқалап отырғанымызды жақсы түсінетінбіз. Газет шығару – шын мәнінде ұжымдық ерлік.

Қазіргі таңда ақпарат легі шапшаң, технология қарқынды дамуда. Бірақ шынайы сөздің, сапалы журналистиканың құны ешқашан төмендемейді. Осы қасиеттерді бізге бойымызға сіңірген – осы киелі ұжым. «Төлеби туы» – тек газет емес, бұл – өмір мектебі.

Төлеби өңірінің шынайы үні. Халқымыздың тыныс-тіршілігі, жетістігі, қуанышы мен қиыншылығы осы парақтарда көрініс тапты. Туған өлкенің әрбір жетістігіне қуанып, әрбір мәселесіне бірге алаңдадық.

Қаламгер үшін ең үлкен баға – оқырманның сенімі. Біз осы сенімді арқалап, өз ісімізге адал болуға тырыстық. Себебі газет деген-



дарды ерекше сағыныспен еске аламын. Себебі «Төлеби туының» әр күндік тынысы – менің де жүрек соғысыммен астасып жатты.

90 жылдық – үлкен белес, ұлы жолдың жарқын көрінісі. Мерейлі мерейтой құтты болсын!

Газет әлі де талай буынға бағыт берер, елдің үміті мен тілегін жеткізер жарқын құрал боларына сенемін.

Ұжымға шығармашылық шабыт, бірлік пен биік рух тілеймін.

Газеттің 100 жылдығын да аман-есен тойлауды нәсіп етсін.

«Төлеби туы» – әрқашан туған өлкенің жүрек үні болып қала берсін!

Дина ХАНГЕЛДИЕВА,
«Төлеби таңы»
газетінің редакторы.

Ұшқан ұям – «Төлеби туы»

Университетті енді ғана тәмамдап, қолыма қалам ұстаған балаң шағымда журналистік сапарымды бастаған алғашқы басылым – иісі газет аңқып тұратын, әр жолында өмірдің лебі сезілетін жекеменшік газеттер еді. Сол кездерде тағдыр мені тағылымы мол, талай тарланды тәрбиелеген қасиетті қарашаңырақ – «Төлеби туы» газетіне жолықтырды. Ауыл иісін аңғытып тұратын осы аудандық газетке 2001 жылдың қоңыр күзінде кіріп барғаным әлі есімде. Көкірегімде үміт, жүрегімде діріл, көзімде жалын бар жас бала едім...

Сол сәттен бастап мен үшін нағыз журналистика университеті басталды. Ақпаратты қалай жазу керек, қандай мәселені көтеру қажет, оқырман назарын немен тартуға болады, тақырыпты қалай дәл қою керек, осының бәрін мен осы қарапайым ғана аудандық газеттен үйрендім. Газеттің ішкі әлемі, тақырыптың астары, сөздің салмағы, сөйлемнің қуаты – бәрі осы қара шаңырақта ашылды.

«Төлеби туы» біз үшін жай ғана жұмыс орны емес, өмір мектебі, рухани шеберхана болды. Бұл ұжымнан бізге бағыт-бағдар көрсеткен, жүректегі қалам шоғын маздата білген асыл аға-апалар шықты. Әлі күнге дейін газет тізгінін ұстап отырған бас редактор Әбдімәлік Рахманқұлов, қаламы ұшқыр журналист Орынбасар Сүттібаев, сыршыл да сыншыл Сәрікқали Жексенбаев сынды шеберлер бізге тек мақаланы ғана емес, өмірді оқуды үйретті. Әр жазған дүниемізге ұқыппен қарап, қай



сөйлемнен жақсақ кетіп, қай сөзден сүрінгенімізді дәл тауып, бағыт беріп отырды. Олар бізге жазу шеберлігін ғана емес, жауапкершілікті де сіңіре білді.

«Төлеби туынан» түлеп ұшқан шәкірттердің бірде-бірі осал болған жоқ. Бүгінде олар республикалық басылымдардың бетінде беделді тілші, редактор, ақын ретінде елге танылып жүр. Бұл – қара шаңырақтың шын мәнінде шәкірт тәрбиелейтын киелі орда екенін көрсетсе керек. 2001 жылдың күзінде имене енген есіктен 5 жылдан соң атынан ат үркітін журналистер шоғыры қалыптасқан «Оңтүстік Қазақстан» дейтін облыстық газетке қаймықпай ауысқанбыз.

Қазір өзім республикалық «Айқын» газетінің Түркістан облысы мен Шымкент қаласы бойынша меншікті тілшісі, сондай-ақ еліміздегі жетекші саяси ұйым «AMANAT» партиясының облыстық филиалындағы баспасөз қызметінің жетекшісі ретінде еңбек етіп келемін. Қайда жүрсем де, қай биікке болсам да, ұшқан ұям – «Төлеби туы» – жүрегімнің төрінде. Ол – менің бастауыма айналған, шабытыма қанат бітірген, қаламымды ұштаған қасиетті орда.

Торқалы 90 жасың құтты болсын, қадірлі қара шаңырақ!

Ғұмырың ұзақ, сөзің өткір, оқырманың көп болғай!

Назгүл НАЗАРБЕК,
«AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалы баспасөз қызметінің жетекшісі,
«Айқын» газетінің меншікті тілшісі.

Ұлттық құндылықтар – тәрбиенің негізі

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев Ұлттық құрылтай мінберінде: «Өскекең ұрпақтың тәрбиесі – өте маңызды мәселе. Ашығын айтсақ, қазір жас ұрпақ әлеуметтік желі арқылы тәрбие алып жатыр. Баланы дұрыс бағытқа бұрып, жол көрсетіп отырмасак, бұл өте қауіпті үрдіс», деді.

Өкінішке қарай, қазіргі жаһандану заманында қоғамға қауіпті жаңа кеселдер пайда болып жатыр. Есіртілген еліту, құмар ойындарынан шыға алмай, электронды темекіге тәуелділік секілді кеселдер. Әсіресе балалар арасында тез таралып, жастарымызға зиянын тигізуде. Лудомания кесірінен талай шаңырақ шайқалды. Бұл дерт жас ұрпаққа өте үлкен зиянын келтіріп жатыр. Онлайн ойындары да балалардың күнделікті ермегіне айналып барады. Президент бұл мәселелерді өткен Құрылтайда арнайы көтерді.

Жас ұрпаққа ізгілік пен рухани құндылықты сіңіру – тек ата-ананың ғана емес, бүкіл қоғамның міндеті. М.Әуезов «Ел боламын десең – бесігіңді түзе» деген. Ұлттық сананы тек заманауи технологиялар арқылы ғана емес, дәстүрлі әдістермен ұштастыру маңызды. Әйткені «Тәрбие – тал бесіктен».

Бала – біздің айнамыз. Бала ең алдымен отбасында тәрбие алады. Оған қандай тәрбие берсек, ертең жемісін береді. Сондықтан отбасының тәрбиесіне назар аударған жөн. Отбасы – алғашқы тәрбие ошағы. Тәрбиедегі ата-ананың үлесі – үлгі бола білу. Жастар ата-анаға қарап бой түзеді. Осылайша олардың дүниетанымы мен көзқарасы қалыптаса бастайды. Алаш ардағы Ж.Аймауытұлы «Тәрбие» деген мақаласындағы: «Балаға қайырымдылықты, қаталдықты, кішіпейілділікті, күйгелектікті, шыңшылдықты, өтірікшілікті беретін кім? Ол, әрине, ата-ананың тәрбиесі. Баланың бойына сіңірген мінезді қайта түзету қиын. «Сүтпен сіңген мінез сүйекпен кетеді», деген сөз ата-ана тәрбиесінің маңыздылығын көрсетеді.

Ата-ана баласына жастайынан обалсауапты, адалдықты, тазалықты, «үлкенге – құрмет, кішіге – ізет» көрсету секілді қасиеттерді ұғындырса, ол бала келешекте жақсы адам болып қалыптасады. «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дейді қазақ мақалы. Үйде ауыз-

біршілік болмаса, ата-ананың бір-біріне деген қарым-қатынасы орнамаса, ұрыскеріс жиі орын алса, тәрбие құлдырайды. Балалар көргенін қайталайды. Ең алдымен, ата-аналар өздері тәрбиелі болу керек. «Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер». Сондықтан бала ата-анасына қарап өседі.

Баланы кішкентайынан кітап оқуға, оның ішінде ертегілерді, қисса-дастандарды, мақал-мәтелдерді оқуға дағдыландыру керек. Олар – тұнып тұрған тәрбие. Бала шығармаларды оқу арқылы ойын, бойын түзейді. Жаманнан жиреніп, жақсыдан үлгі алады. Сондықтан бала тәрбиесінде осы секілді құнын жоғалтпайтын едеттерді қолданған жөн.

Бала отбасында тәрбиеленіп, мектепте қалыптасады. Ол жақтағы білім жүйесі, араласатын ортасы оқушының негізін қалайды. Осы орайда мектеп тәрбиесі ұлттық тәрбиемен ұштастырыла жүргізілу керек. Баланы халқымыздың ғасырлар бойы жасаған озық үлгісімен тәрбиелеуге көңіл бөлген жөн.

Тәуелсіздік алғаннан кейін еліміздегі мектептерде қазақи тәрбие мен ұстанымға назар аударылып келеді. Осыған байланысты еліміздің білім саласы ұлттық тәрбие беруге көңіл бөлуде.

Ұлттық құндылықтар мен тәрбие бір-бірімен тығыз байланысты ұғымдар. Елдің болашағы ұрпақ тәрбиесіне байланысты екенін уақыттың өзі дәлелдеп отыр. Ал тәрбие ұлттық тәрбиеге сүйенгенде ғана жемісін береді. Сондықтан да қазақ қоғамы үшін ұлттық құндылықтарды сақтап, оларды жас ұрпаққа жеткізу аса маңызды міндеттердің бірі. Ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие арқылы біз ұрпақтар сабақтастығын жалғастырып, нағыз ұлтын сүйер ұрпақ өсіре аламыз.

Көрнекті педагог Ж.Аймауытұлы: «Ұлтты сую» деген көсем сөзінде: «Ұлттын шын сүйіп, аянбай қызмет қылған азаматы көп жұрт күшті, өнерлі, білімді болып, күресте тең түсіп, басқаларға өзін елетіп отыр. Ұлты үшін қызмет қылмай, бас қамын ойлап жүрген азаматтардың елі артта қалып отыр... Қара халықтың мәдениетті болуынан, мәдениетті кісінің қазақ болуы қиын, баласына осы бастан ұлт рухын сіңіріп, қазақ өміріне жақындатып тәрбиелеу керек», деп ұлт

пен ұрпақ мәнін айқындайды.

Ел Президенті Ұлттық құрылтайдың бас қосуында: «Былтыр мектептерде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы қолға алынды. Бағдарламаны қабылдау – істің басы ғана. Енді жаңарған құжатты еліміздегі барлық мемлекеттік білім ошағына енгізу керек. Оны алдағы уақытта жекеменшік мектептер де басшылыққа алуға тиіс. Себебі тәрбие жұмысы балаларды түгел қамтуы қажет. Сонда ғана бұл бастама жалпыұлттық ауқымға ие болады. Жобаның мақсаты – отаншыл, білімді, жасампаз ұрпақ тәрбиелеу. Мұның бәрі – адал азаматқа тән қасиеттер», – деді.

Қазіргі таңда мектептер «Біртұтас тәрбие бағдарлама негізінде жұмыс істеліп жатыр. Бұл бағдарлама ұлттық адами құндылықтарға негізделген. Осы бағдарлама аясында балалар ұлттық құндылықтарды бойға сіңіруде. Абайдың бес асыл іс қағидасын негізге алып, «Толық адам» идеясын жүзеге асыруда біршама жұмыс атқарылып жатыр. Абай еңбектері бойынша «Бала Абай», «Дана Абай», «Хакім Абай» деп бөлініп, мектеп бағдарламасында «Абайтану» таңдау курсы оқытылады. Мектепте ұлттық тәрбие беруде әкелер, әжелер, аналар мектебі жұмыс істейді.

Бағдарлама тегі күнделікті, апта және ай сайын жүзеге асырылып отырады. Мысалы, оқушылар үзіліс кезіндегі бос уақытын асық, тоғызқұмалақ, бестас ойнаумен өткізеді. Қоңырау соғылғанда Қазақстан күйлері ойналады. Бұл баланың мәдени мұраны сезіне білуіне жол ашады. Ал «Үнемді тұтыну» кезеңі оқушылардың экономикалық мәдениетін дамытуға бағытталған. Бала үнемшілдікке, ысырап жасамауға дағдыланады.

Әр оқу аптасы Өнұранмен басталып, оқушылардың отаншылдық рухын бекемдей түседі. Әр сынып сағатының 10 минуты оқушылардың жеке басы қауіпсіздігіне арналады. Ол «Қауіпсіздік сабақтары» аясында орындалады.

Сабақтан тыс тәрбие жұмысы 6 жобаны жүзеге асыруға бағытталған. «Қамқор» жобасы шеңберінде «Таза Қазақстан» акциясына қатысып, көшет отырғызады. Қарт кісілерге қамқорлық көрсетеді. Бұл оқушыларды жауапкершілікке, қайырымдылыққа баулиды.



ҰЛТТЫҚ
ҚҰРЫЛТАЙ

«Шабыт» жобасы оқушыларды шығармашылық пен өнердің әлеуеті арқылы тәрбиелеуді көздейді. Олар «Өншуақ» фестиваліне қатысады.

«Еңбегі адал – жас өрен» жобасы бойынша балаларды түрлі мамандыққа баулып, еңбексүйгіштік дағдыларды қалыптастырады. Бұл бойынша «Мамандықтар әлемі», «Мамандықтар марафоны» байқаулары ұйымдастырылады. Сондай-ақ «Күзгі асар» жәрмеңкесі өткізіледі. «Smart bala» жобасы аясында оқушылар инновациялық өнімдер өзірлеп, ұсынады.

«Балалар кітапханасы» оқу сауаттылығы мен оқырман мәдениетін қалыптастырып, рухани кемелдікке бастайды. Каникул уақытында мектептерде үйірмелер мен секциялар жұмыс істеп, қосымша шаралар өткізіледі. Балалар әр айдың үшінші жексенбісі мен каникул уақытында музейлерге барады. Театрларға барып, балаларға арналған қойылымдарды көретін болады.

Бағдарлама үш деңгей арқылы, яғни білім беру ұйымы, педагогтермен отбасы ынтымақтастығымен жүзеге асырылады. 2023 жылдан бері бала тәрбиесінде ортақ ұстаным болу үшін барлық білім беру ұйымының жанында «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталықтары ашылды. Бұл бүгінде еліміздің 7 мыңға жуық мектебінде табысты қызмет етуде. Мектеп пен отбасы арасындағы ынтымақтастық, ата-ананы мектептің тәрбие жұмысына тарту баланың оқу үлгерімі мен тәрбиесінің жақсаруына ықпалы зор екенін күнделікті өмір көрсетіп отыр. Сынып сағаттарын өткізуге қатысады. Балалармен бірге спорт шараларына қатысады. Осылайша әкелер балаларды спортқа тартып, бос уақытын тиімді ұйымдастырудың үлгісін көрсетеді.

Жастар қай кезде де қоғамның негізгі қозғаушы күші болған. Егер жас буын өкілдерінде қайраты мен қажырын, білімі мен жігерін жақсы істерге бағыттай білсек, көптеген игілік істерге жетуіміз анық.

E.KӨШКІНБАЕВ.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауы – еліміздің дамуына жаңа серпін беретін, болашаққа бағытталған маңызды стратегиялық құжат. Жолдауда мемлекет пен қоғамның өзара сеніміне негізделген жаңа басқару үлгісі, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын толық қорғауға басымдық берілді. Бұл – тұрақты даму мен қоғамдық келісімнің негізі.

Экономикалық бағытта Жолдауда жаңа өндірістерді ашу, инвестициялық ахуалды жақсарту, шағын және орта бизнесті қолдау секілді нақты міндеттер қойылды. Бұл шаралар халықтың әл-ауқатын арттырып, жаңа жұмыс орындарын құруға ықпал етпек.

Сондай-ақ білім, ғылым, мәдениет, денсаулық сақтау, жастар саясаты сынды салалар да назардан тыс қалмады. Президент жастардың ел келешегін қалыптастырудағы рөліне ерекше мән беріп, олардың бастамаларына қолдау көрсету қажеттігін баса айтты. Бұл – жас буынға сенім артып қана қоймай, оларды елдің дамуына серіктес етуге бағытталған батыл қадам.

Президент Жолдауында білім, тәрбие және мәдениет саласына ерекше назар аударылғаны – болашақ ұрпаққа берілетін басты құндылықтарға деген мемлекеттің жауапкершілігін айқын көрсетеді.

Білім саласы бойынша айтылған реформалар – оқу сапасын арттыру, мұғалім мәртебесін көтеру, ауыл мен қала мектептерінің арасындағы алшақтықты жою, техникалық және кәсіптік білімді қолдау – елдің интеллектуалдық әлеуетін нығайтудың маңызды қадамы. Жолдауда тәрбие мәселесіне де тоқталып,

Кәсіби мамандар ұлт сапасын арттырады

● Жолдауға қолдау көрсету – міндетіміз

отбасындағы құндылықтар, мектептегі рухани-адамгершілік бағыттағы жұмыстардың маңызы айтылды. Бұл – ұрпақ тәрбиесін білімнен бөліп қарауға болмайтынын көрсетеді.

«Ұстаздар – ұлттың зияткерлік қуаты. Олар білімді ұрпақ тәрбиелеу арқылы еліміздің өркендеуіне жол ашады. Үздік оқу бағдарламасы, заманауи мектептер, озық басқару жүйесі болса да, ұстаз білікті болмаса, оның бәрі бекер екені анық. Сондықтан педагогикалық жоғары оқу орындарына талапты, қабілетті жастарды қабылдауға баса мән беру керек. Жалпы бұл бағыттағы жұмыстың беталысы жақсы, оны жалғастыру қажет», деді мемлекет басшысы халыққа Жолдауында.

Жалпы, Президентіміздің білім, тәрбие және өнер саласына бағытталған тапсырмалары – ұлттың болашағына жасалған инвестиция. Бұл бастамалар еліміздің сапалы дамуына, мәдениеті биік, білімді әрі тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеуге негіз болады.

Сондай-ақ Президент Қ.Тоқаев кәсіптік білім беру саласына реформа жасаудың айрықша өзектілігін, «экономиканың өсімін қамтамасыз ету және инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін аса қажет қадам» екенін баса атап өтіп, 2025 жылды Жұмысшы мамандықтары жылы деп жариялады. Техникалық және кәсіби білім беру жүйесін реформалау, жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы қоғамда еңбекқор және нағыз маман болу идеясын насихаттауды ұсынып, «адал әрі табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашанда құрметті, сыйлы болуы керектігіне», «кәсібіне

адал әрі жауапкершілікпен қараған адам қашанда лайықты бағасын алатынына» тоқталды.

«Бір сөзбен айтқанда, біздің қоғамда еңбекқорлық, кәсібилік сияқты қасиеттер өте жоғары бағалануға тиіс. Өз кәсібін жетік меңгерген мамандар ұлт сапасын арттырады. Сондықтан біз еңбек адамының мәртебесін көтеріп жатырмыз. Бұл бағыттағы жұмыс тоқтамайды, жалғаса береді.

Жұмыстың жаманы жоқ, кез келген еңбек – қадірлі. Ең бастысы, әркім жауапкершілікті терең сезініп, өз міндетін сапалы атқаруға тиіс. Сонда ғана еліміз дамудың сара жолына түседі», деді Президент.

Қоғамдық оптимизм ұғымын Президент еліміздің жаңа даму кезеңінің рухани тірегі ретінде қарастырады. Бұл – халықтың болашаққа деген сенімін арттыратын, бірлік пен үмітке бастайтын жол. Жолдауда көрсетілген бастамалар мен реформалар жүйелі түрде жүзеге асса, Әділетті Қазақстан құру жолындағы нақты нәтижелерге қол жетері сөзсіз.

Осыған орай, әрбір азамат бұл өзгерістерге бейжай қарамай, ортақ іске өз үлесін қосуы тиіс. Жолдаудағы міндеттерді орындау – тек биліктің емес, барша қоғамның ортақ жауапкершілігі.

D.KECICKBAEV,
Төлеби балалар көркемсурет мектебінің директоры.

Ауданға сапар барысы

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, өңірлерде білім сапасын арттыру мақсатында «Келешек мектептері» бой көтеріп, халық игілігіне берілуде. Ұлттық жоба аясында Түркістан облысында 29 білім беру нысанының құрылысы жоспарланған.

Осыған орай облыс әкімі Нұралхан Көшеров ауданға сапарында Достық елді



мекенінде бой көтеріп жатқан 900 орындық «Келешек мектебінің» құрылыс барысымен танысып, мердігер мекемелерге сапаны басты назарда ұстауды тапсырды.

3 гектар аумақта орналасқан заманауи білім ордасының құрылысы бү-

гінде 90 пайызға аяқталған. Қазіргі таңда ішкі әрлеу, сырлау, шатыр жабу жұмыстары толығымен орындалған. Сонымен қатар мектептің инфрақұрылымы толық реттеліп, интернет пен газ жүйесін қосу шаралары жүргізілуде.

Ауданда жалпы 4 «Келешек мектебінің» құрылысы жоспарланған. Қазіргі таңда Алатау (300 орын), Көксәйек (600 орын) және Киелітастағы (900 орын) мектептердің құрылысы қарқынды жүргізілуде. Бұл жаңа білім ошақтары балалардың сапалы білім алуына мүмкіндік береді.

Нұралхан Көшеров жұмыс сапары барысында Ленгір қаласындағы I мөлтек ауданда бой көтеріп жатқан көпқабатты тұрғын үйлердің құрылыс барысын бақылап шықты. Әлеуметтік маңызы бар нысандардың сапасына ерекше тоқталған аймақ басшысы құрылыс кезінде ешқандай олқылық болмауы керектігін жауапты мамандарға қатаң ескертті.

Содан соң Нұралхан Көшеров Ленгір қаласындағы I мөлтек ауданда бой көтеріп жатқан көпқабатты тұрғын үйлердің құрылыс барысын бақылап шықты. Әлеуметтік маңызы бар нысандардың сапасына ерекше тоқталған өңір басшысы құрылыс кезінде ешқандай олқылық болмауы керектігін еске салды.

Аталған аумақта 5 қабатты 3 тұрғын үй кешені салынуда. Барлығы 48 пәтерлік үйлерде 1 бөлмелі – 12, 2 бөлмелі – 12 және 3 бөлмелі – 24 пәтер қарастырылған. Құрылыс 2023 жылы басталған. Қазіргі таңда шатыр жабу, ішкі және сыртқы әрлеу, есік пен терезе орнату секілді жұмыстар аяқталуға жақын.

Жобаның жалпы құны – 625,5 млн теңге. Тұрғын үйлер республикалық және облыстық бюджет есебінен қаржыландырылған. Құрылыс толық аяқталғаннан кейін биылғы жылы пайдалануға беру жоспарланып отыр.

Облыс әкімінің сапары Ленгірдегі «Мейір-Бейс» жоғары медициналық және педагогикалық колледжінде жалғасты. Ол білім ордасының мүмкіндіктерімен танысып, фармацевтикалық, стоматологиялық дәріс беру бөлмелерін аралап танысты. Жаңа форматта жұмысын жалғастырып колледжде студенттерге 56 маман дәріс береді. Мұнда жалпы 84 дәрісхана қарастырылған.

Әлеуметтік және кәсіпкерлік нысандарды аралаған облыс басшысы жауаптыларға өндірісті дамыту бағытындағы жұмысты жандандыруды тапсырды.

Танымдық-тәжірибелік шара

Төлебиде үкіметтік емес ұйымдардың қатысуымен «Team Building» атты танымдық-тәжірибелік шара ұйымдастырылды.

Шараға облыс көлеміндегі белсенді үкіметтік емес ұйымдардың мүшелері мен азаматтық қоғам өкіл-

әлеуетін күшейтеу бағытта өтті: мастер-класстар, панелдік сессиялар, пікірталас алаңдары және топтық жаттығулар ұйымдастырылды.



Іс-шараның басты мақсаты – Түркістан облысындағы ҰЕҰ өкілдері арасындағы әріптестік пен өзара байланыс деңгейін арттыру, командалық жұмыс дағдыларын дамыту және азаматтық қоғамның

дәрі қатысты. Бағдарлама барысында тәжірибелі спикерлер қатысушыларға арнайы шеп-берлік сағаттарын өткізіп, пайдалы кеңестермен практикалық білімдер ұсынды.

Іс-шара төрт негізгі

Шара Түркістан облысының қоғамдық даму басқармасының тапсырысы негізінде «Жалын» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен өтті.

«Төлеби-ақпарат».

Ғасырлар бойы ата-бабаларымыз көшпелі өмір сүрді. Артында кең байтақ жері, асты-үсті қазынаға толы байлығы қалды. Бірақ оны игере алмай, өркениеттен көш кейін қалып қойды. Оның себебі неде? Білім мен ғылымға көңіл бөлмедік. Ал отырықшы елдер ғылымға көңіл бөлмедік. Ал отырықшы елдер ғылымға, білімге

керек. Онсыз экономика дамымайды. Өткенге көз салсақ, бос мақтан, кеуде соғып келіппіз. Өткенге сыни көзқараспен қарауымыз керек. Әлі күнге материалдық құндылықтардың артынан жүгіріп жүрміз. «Ештеме өндірмей, тек ішіп-жей беретін ұлттар алдымен абыройынан, сосын еркіндігінен, ал ең соңында болашағынан

Қайтсек озық ойлы ұлт боламыз?

көңіл бөлді. Жаңалықтар ойлап тапты. Сондықтан олар барлық салада бізден оқ бойы озып кетті.

Қазір кейбіреулеріміз көшпелілер заманын аңсап, оның мәдениетін айтып мақтанатынды шығарды. Әлем санасын көшпелілер мәдениеті өзгертіп жібергендей даурығып, кеуде соғады. Білсек, табиғаттың қас-қабағымен күн көретін көшпелі елде ғылым да, техника да дамымайды. «Көшпелі елдің дамуы тасбақаның аяңына ұқсайды», – дейді көрнекті жазушы Төлен Әбдік. «Болашақта қандай жолмен жүреміз? Қайтсек озық ойлы ұлт боламыз? Қай жолмен дамимыз? Ұлттық құндылықтарымыз қандай болуы керек?» деген сауалдар елдің болашағын ойлайтын азаматтарды ойландырып-толғандыруда.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев Ұлттық құрылтайда бұл туралы былай деді: «Біздің бұрын кім болғанымыздан қазір кім екеніміз, ең бастысы, болашақта кім болатынымыз әлдеқайда маңызды. Сондықтан қандай қиындықтан өткенімізді бағамдайтын кезде ғана ауызбіршілік танытпай, баянды болашаққа да бірге қадам басуымыз қажет».

Алайда біз ғылыммен емес, той өткізуден жарыс өткізетін болдық. Мағынасыз, дарақы күлкі, әлем-жәлем киіну жұртты әбден мезі қылды. Әншілер бүгінде қоғамның қадірлі адамы болды. Жастар соларға еліктеп, даңғазалыққа бой ұруда. Осылай жүре берсек, қалай дамимыз?

«Тозар ел тойшыл келеді» дейді атам қазақ.

Қазір әншілер мен әлеуметтік желі «жүлдіздарының» дақырты ғана салтанат құрып тұр. Бұл дұрыс емес. Білім мен мәдениеттің, парасаттылықтың культі болғанда ғана еліміз алға басады.

Өркениетті елдер жаңалық ашып жатыр. Немістер «Мерседес», жапондар компьютер, қытайлар технологияны дамыту арқылы әлемдегі ең алдыңғы қатарлы озық елге айналып, адамзатты таңқалдыруда. Ал қазақ ше? Өркениетке не қосты? Ауыз толтырып айта алмаймыз. Артымызда қалдырған із, жаңалық жоқ. Ала жаздай ән салып, секектеген шегірткенің күйін кешудеміз. Сонда қалай өсіп-өркендейміз? Осы дарақылығымызды, қамсыздығымызды қалай жоя аламыз? Той жақсы болғанмен, бірақ тоймен емес, ғылым, біліммен, еңбегімізбен мақтануымыз керек.

Көшпелі өмірді отырықшылықтан артық қоюға болмайды. Өмірге қажетті нәрселерді: сағат, телефон, теледидар, машина, транспорт, пойыз, ұшақ, зауыт пен фабрика, оқу орындары, ғылыми зертханалар, т.б. осының бәрін ғылыммен тапты.

Біз ғасырлар бойы көшпелі өмір сүріп, той тойлап, мез болып, өркениеттен кеш қалдық. Ғылымға, білімге мән бермедік. Жаудан қорғану үшін мықты қару жасай алмадық. Соның нәтижесінде орыстарға жем болдық. Жерімізді оп-оңай басып алды. Отары болдық. Әлі де сол елдің ықпалынан шыға алмай отырмыз. Болашақта басқа елге жем болмау үшін білімге, ғылымға көңіл бөліп, жастарды оқыту керек. Жастарымызды заманауи технологияны меңгеруге бағыттау керек. Біз артқа қарайламай, алға қарай жылжуымыз керек. Қазақтың болашақтағы өркениеттегі орны қандай болады? Ойлануымыз керек. Дана Абай: «Адамнан адам байлығымен, барлығымен емес, ақыл-ой, парасатымен, білімімен, біліктілігімен озады», – дейді.

«Қазақ даласы, соқа мен машинасыз қазақ бола алмайды. Біз бірігіп, өндірісті бірге ашуымыз керек. Ол үшін бізге заманауи жабдықтарды пайдалану қажет», – дейді Алашорда көсемі Әлихан Бөкейханұлы.

Білім біз үшін ең басты құндылық болуы

айырылады», – дейді Мұстафа Кемал Ататүрік.

Озық ойлы ұрпақ өсіру үшін білім мен тәрбиені қатар алып жүру керек. Ашығын айтсақ, бала оқыту ісінде бұған дейін білімге көбірек көңіл аударылды. Ал ұрпақ тәрбиесіне қатысты жүйелі ұстаным болған жоқ. Бұл салаға тиісті деңгейде көңіл бөлінбей келді. «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы». Сондықтан біліммен қатар тәрбиеге айрықша назар аудару аса маңызды», – дейді Қ.Тоқаев. Сонымен бірге озық ойлы ұрпақты отаншылдыққа тәрбиелеу – міндетіміз. Озық ойдың арғы жағында отаншылдық болмаса, елі мен жерін тастап кете береді. Өзінің озық ойын басқа елді дамытуға жұмсайды. Алдағы уақытта ұлттық құндылықтарымыз қандай болуы керек? Өткеннен қандай құндылықты алып жаратуымыз керек? Ең бастылары: мәдениет, тіл, салт-дәстүр, бала тәрбиесі, елдік, қоғамдық деңгейдегі тәрбие, ұлт мұратының бәрі осы ұғымдардың ішіне кіреді. Ұлттың болашағы, болмысы, ойының қалыптасуы оның тіліне байланысты. Осы үш негізде бүкіл ұлттың ұлы мұраты қалыптасады. Сол негізде дамиды. Бұл қоғамның барлық саласында көрініс табуы керек.

«Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» демекші, біздің жапондықтардан үйренеріміз көп. Жапондықтардың өз ұлтына, өз тілі мен діліне, дініне деген құрметінен көп нәрсені үлгі етіп алуға болады. Бұл елде алғаш мектеп табалдырығын ата-тағаннан баланы өз тілінде оқытады, діңгегін өз тілінде қатайтып, төл руханиятына бағыттап, бағдарлап алып, ділі мен мәдениетін, дәстүрін дөріптеп оқытады. Озық ойлы ұрпаққа өз тілінде берілген білім мен тәрбие, елшілік, адалдық, әділеттілікті дөріптеп ұстап, жерін, тілін сүйетін қасиетті оңай сіңіре алады. Ал бізде ше? Қалада тұратын кейбір қазақ азаматтары қазақ мектебі сапалы білім бермейді деп, балаларын орыс сыныбында оқытуға береді. Бұл баланың ұлттық тамырынан ажыратуға әкеледі. Керісінше, қазақ мектептерін бітірген қазақ балалары ғылымда, қоғамда алда келеді.

Кейбір ата-аналар баласының білім алғанының орнына оның басына дінді тықпалаумен жаман әдеттерді сіңіруде. Кәмелеттік жасқа толмаған баласын дін жолына бұрып, өзімен жасты балалар арасында бет-аузын бүркеп жіберу баланың намысын таптау емес пе? Тәуелсіздік алған соң ұлттық идеологияны дөріптейтін көпшілік арасында насихат жұмысын құлдыратып алдық. Оның орнына қазақ менталитетіне жат діни, экстремистік ағымдарға жол берілді. Медреселер көптеп ашылып, балалардан шала молдалар дайындалды. Солар қабаттасып, қазір халыққа уағыз айтып жүр. Техниканың қарыштап дамыған заманында өз қағынан жеріп, өзге сенімнің ығына жығылып, қыздарымыз айдың, күннің аمانында қара жамылып, баласын мектепке жібермейтін нағандыққа қалай барып қалдық? Неге бұлай болды? Бұған қалайша жол беріп алдық? Бұл тұтас ұлт болып ойласатын мәселе. Ондай келеңсіздіктен баланы аулақ ұстау – ата-ананың міндеті.

Бүгінде халықтың көпшілігі кітап оқымайтын болды. Кітап оқымаған адамның тіл байлығы, ой-өрісі, сауаты кем болады. Баланы жастайынан кітап оқуға баулу керек.

Озық ойлы ұлт боламыз десек, өркениетті елдер түскен бағытқа бет түзеуіміз керек.

Е.КӨШКІН.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев: «Біз кезінде елге қызмет етудің үздік үлгісін көрсеткен Алаш қайраткерлерінен тәлім аламыз. Олардың мұрасын жастарға және өлемге паш етуіміз керек», – деген болатын. Сондай еліне қызмет етудің үздік үлгісін көрсеткен Алаш арысы – Міржақып Дулатұлы.



М.Дулатұлы 1885 жылы 25 қарашада Торғай уезі Сарықопа болысына қарасты бірінші ауылда дүниеге келеді. Анасы Дәмештен 2 жасында, әкесі Дулаттан 12 жасында айырылады. Үлкен ағасы Асқардың қолында тәрбиеленеді. 8 жасында Міржақыпты әкесі ауыл молдасына береді. Ақынның алғашқы қадамдары қазақ даласына орыс және украин деревняларынан шаруалардың жер аударылып келуінен сәйкес келеді. Әкесі Дулат осыған байланысты 10 жасар ұлын оқытуға еуропалық білімі бар Мұқан Тоқтыбайұлын жалдайды. Бұл кезін Міржақып «Оян, қазақ!» кітабында былайша еске алады.

Школға берген еді атам марқұм,
Заманның түрін көріп тарылатын.
Орыстың тілін біліп, хатын танып,
Біреуге болмасын деп жалынатын.

Ауыл мұғалімі М.Тоқтыбайұлы қазақ, араб, парсы тілі мен әдебиетін оқытқан. Міржақып сонда Абай, Шоқан, Ы.Алтынсарин шығармаларымен танысады. Орыс тілі мен әдебиетін үйрену негізінде Пушкин, Лермонтов, Тургенев, Толстой шығармаларымен танысады. Кейін ол Ы.Алтынсарин ашқан мектепте оқиды. Уфадағы мұсылман оқу орны – «Ғалия» медресесінің педагогикалық курсына тәмамдап, Торғай уезіндегі ауыл мектептерінде мұғалім болады. Мұғалімдік қызметін атқара жүріп, жәбір көрген қара қазақты көреді де, патша отаршылдарына қарсы біржола күрес жолына түседі. 1905 жылы Орал қаласында «Пікір» деген газет шығаруға атсалысады. Газет үлкен идеологиялық қару екенін түсінеді. 1904 жылы М.Дулатұлы, А.Байтұрсынұлы Алаш ұлдарын патшаға қарсы күреске шақырып, үндеу жазады. Осылайша оның саяси өмірі басталады. Оның күрескерлік жолына түсіп, қайраткер ретінде қалыптасуына Ахмет Байтұрсынұлы ықпал етті. 1904 жылы Міржақып Омбы қаласына қоныс аударған. Онда ол Әлихан Бөкейхан, Жақып Ақбаев, Мұстафа Шоқай, Халел Досмұхамедұлымен танысады. Бұл оның саяси-әлеуметтік көзқарасының қалыптасуына әсер етеді. 1905 жылы 17 қазанда Қарқаралыда Ресей үкіметіне қазақ халқы атынан жолданған петицияны дайындаушылардың бірі болды. 1905-1907 жылдары Зайсан уезіндегі Бекмұхамбет қажы ашқан қазақ мектебінде сабақ береді. 1906 жылы Конституциялық демократтар партиясы делегаттары қатарында Санкт-Петербургке барады. Онда түрлі саяси шерулерге қатысады. Осы кезден бастап ол Ресей Үкіметінің саяси сенімсіз адамдар қатарына ілінеді.

Газеттің қоғамдағы рөліне мән берген М.Дулатұлы 1907 жылы Петербургте «Серке» газетінің 2 нөмірін татар баспагері Әбдірашид Ибрагимовтың көмегімен шығарады. Оның бірінші санында «Қазақ жастарына» деген өлеңі басылады. 2-санына «Біздің мақсатымыз» деген мақала дайындады. Онда ол қазақ халқының талаптарын айтады. Петербург баспасөз істері комитеті «газеттің нөміріне қатысты барлық адамдар жауапқа тартылсын» деген шешім қабылдайды. Оның ақындық, публицистік қызметі осы тұстан басталады. Алайда Міржақып күрескерлік жолынан таймайды.

● Міржақып Дулатұлының туғанына – 140 жыл

Міржақыптың тұңғыш өлеңдер жинағы 1909 жылы Қазан қаласындағы «Шарқ» баспасынан «Оян, қазақ!» деген атпен басылып шығады. Шығармаларында сол

Міржақыптың саяси және шығармашылық қызметі Түркістанмен тығыз байланысты. Ол 1912 жылы Семей түрмесінен шыққан соң, ізін аңдыған патша күзетінен бой тасалап, біршама уақыт Түркістан қаласын паналайды. Түркістанда болуы оның шығармашылығында терең із қалдырады. Ол алғашқылардың бірі болып

Алаш арысы

кездегі қазақ елінің саяси-экономикалық, қоғамдық ахуалына толық талдау жасаған, ағартушылық, демократтық тұрғыда не істеу керектігі айтылады. Ол әдеби туындылар шеңберінен шығып, саяси бағдарламаға ойысып отырған.

Көзіңді аш, оян, қазақ, көтер басты,
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.

Жер кетті, дін нашарлап, хал һарам боп,

Қазағым, енді жату жарамас-ты», – деп туған халқының ой-санасын оятудағы маңызы зор болды. «Оян, қазақ!» «ұйықтап» жатқан қазақты, мүлгіген намысты оятты. «Оян, қазақ!» өзге ұлттардың да оянуына әсер еткені соншама қазақтың ұлттық манифесінің ізімен «Оян, түрік!», «Оян, жапон!» атты кітаптар дүниеге келді. Міржақыпты алты алашқа танытқан осы туындысы. Бұл жинақ Қырым, Кавказ, Түркияға дейін тарап кетеді. Міржақыптанушы ғалым М.Әбдісәметовтің жазуынша, М.Дулатұлын ұстаз тұтқан, азаттықты аңсаған азаматтардың қатарында Түркияның тұңғыш президенті Мұстафа Кемал Ататүрік болған. Ол: «Оян, қазақ!» кітабын түрік тіліне аударған. Осы кітаптың өсерімен «Оян, түрік!» деген атпен кітап болып басылып шыққан. Міржақып «Оян, қазақты!» жазғанда небәрі 25-те еді.

Шығармашылық мұрасында «Есеп құралы», «Бақытсыз Жамал», «Азамат», «Терме» т.б. кітаптары ерекше орын алған. «Алаш ұраны», «Алаш маршы» өлеңдеріне өн де шығарған. Көптеген мақалалар,

Қожа Ахмет Ясауи және оның кесенесінің тарихы туралы көлемді мақала жазған.

Ә.Бөкейханның ұсынуымен Міржақып 1917 жылы Минск және Баранович қаласында тыл жұмыстарында жүрген қазақтарға қолдау көрсетіп, жетекшілік ету үшін жіберіледі. Онда саяси үйірмеге қазақ жастарын қатыстырып, көзқарастарын қалыптастыруға ықпал етеді.

Алаш қозғалысының жетекшілерінің бірі ретінде 1917 жылы Орынборда өткен 1 және 11 жалпықазақ съезіне қатысып, «Алаш» партиясының негізінде «Алашорда» ұлттық үкіметі дүниеге келеді. «Алаш» партиясының көлемі Ә.Бөкейхан тергеу ісіндегі жауабында: «Мен тек А.Байтұрсынұлымен, Дулатұлымен ғана ұлт туралы ашық сөйлесе аламын», деді. А.Байтұрсынұлы денсаулығына байланысты сұранып кетерінде: «Мені «Қазақ» газетінің редакторлығынан уақытша босатып, орныма Міржақып Дулатұлын бекітулеріңізді өтінемін», деп жазады. Осыдан-ақ Міржақыптың сенімді әріптес, жанашыр дос екенін көруге болады.

Ол қазақ елінің тарихи тұлғаларын таныта түсуге де атсалысып, алғашқы болып, А.Ясауи, Шоқан, Абай, А.Байтұрсынұлы т.б. туралы мақалалар жазып, тұлғаларды таныту ісіне үлес қосқан.

Кеңестік билік алашордашыларға кешірім жасағанмен, оларды саяси билікке жақындатпады. Оларды мәдени-ағарту саласындағы жұмысқа тартты. Онда да бәрін бірдей емес. Осындай сәтте Түркістандағы ұлттық саяси элита өкілдері Н.Төреқұлов,

С.Қожанов алашшыл зиялыларды Ташкент қаласына түрлі қызметтерге шақырды. Олардың басшылығымен Ташкент қаласына топталған қазақтың саяси, шығармашыл элита өкілдерінің қызметі мәдениет тарихындағы аса бір сәтті де жемісті кезең болды.

М.Дулатұлы 1929 жылғы тергеу хатында 1920 жылдары қарсаңында Ташкентке келіп, «Ақ жол» газетіне хатшы болып жұмысқа кіріскендігін жазады. «Ақ жол» газетінің мақалалары мен негізгі мақалаларының бәрін Міржақып жазған», – дейді Т.Рысқұлов.

Бұл басылым Кеңес кезеңіндегі келеңсіздіктерді көрсетуден тайынған жоқ. Ақырында, «ұлтшылдық» жаласы жабылып, газет Сталиннің пәрменімен таратылып тынды. 1926 жылдары Қызылорда қаласында «Еңбекші қазақ» газетінде редактордың көмекшісі қызметін атқарды.

М.Дулатұлының азаматтық ұстанымы, саяси белсенділігі, қоғамдағы рөлі Кеңес үкіметіне ұнай қоймады. Ол 1928 жылдың жел-

тоқсанында қамауға алынды. 1930 жылы ату жазасына кесіліп, кейін бұл үкім он жыл абақтыға ауыстырылады. Жазасын Беломор – Балтық каналы-ның құрылысы бойындағы Соловецк лагерінде жаза-сын өтейді. Тұтқында жүріп Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлымен хат-хабар алысып, мән-жайды біліп отырған. Соловецк кітапханасының оқырманы болып, оған қазақ әдеби кітаптарын тапсырған.Лагерде жүріп ауыр жағдайға қарамастан, түнде түрік-орыс сөздігін жазып шығады. М.Дулатұлы 1935 жылдың қазанында осы лагерьде ауыр науқастан қайтыс болады. Сүйегі 1992 жылы қыркүйек айында Торғай өңіріндегі өз есімімен аталатын ауыл бейітіне әкелініп, қайта жерленеді.

Алаштықтар мүмкіндігінше еңбек етті. Бірақ ойлары іске аспады, асыруға мүмкіндік болған жоқ. Олар не істесе де қазақ үшін істеді. Қазақ жұртын оятуға күш салды. Сондықтан асыл тұлғалардың есімдері ешқашан тарих бетінен өшпек емес. Азаматтық тұлғалары мен қайраткерлік істері кейінгі ұрпаққа үлгі болып қала бермек.

Алаш қозғалысының көшбасшысы Ә.Бөкейхан: «Шырағым Ахмет, шырағым Мир-Якуб!... Ертең-ақ, Алла қаласа, күнді көре алатын ұрпақ келеді. Еңбектеріңді бағалап, құрмет көрсетіп жатса, онда бейнеттеріңнің ақталғаны емес пе?!», – деп көрегендікпен жазған екен. Сол айтпақшы, егемендік алған соң, ұрпағының олардың еңбегін бағалап, құрмет көрсететін күн туды.

К.ЕЛІКБАЕВ.



публицистикалық шығармалар жазған.

Міржақыптың «Бақытсыз Жамал» романы ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі елеулі шығармалардың бірі ғана емес, бұл қазақ көркемөнеріндегі тұңғыш роман. Роман кезінде оқушы қауым арасында қызу пікір туғызған. Оның қоғамдық санаға ықпалы да зор болды.

Роман жазудағы мақсатын Міржақып шығарма кіріспесі ретінде берілетін «сөз басында» ашық айтады. Шығармашылық қызметке түрткі болған фактор – қазақтың аянышты, қайғылы халі. Жастардың бас бостандығы, адамдық өмір жолындағы күресі махаббат хикаясы арқылы беріледі. Замана жаңалықтары, жастар мақсаты мен бұрынғы салт-сана арасындағы қақтығыс – ХХ ғасыр басындағы әдебиетте көп қозғалған әлеуметтік, саяси, қоғамдық мәні бар салмақты тақырып. Романда екі жастың тағдырын трагедияға душар қылған әлеуметтік топтар мен түрлі күштердің мақсат-мүддесі көзделген.

1905-1907 жылдардағы жер-жердегі наразылық шерулері прокламациялар жазу, Мемлекеттік Думаға сайлау, қуғын-сүргінге ұшырау т.б. ізденіске жетелемей тұрмады. Осылайша жат қолына қарағаннан беріде ұлғая түскен ұлт-азаттық қозғалысының басында тұрған қазақ зиялылары мемлекеттік билікке сүйенумен оң нәтижеге жету мүмкін еместігін ескеріп, қолда бар қару – газет-журнал шығаруды жөн санады.

Ізденудің арқасында 1913 жылдың 2 ақпанынан 1918 жылдың 16 қыркүйегіне дейін шығып тұрған «Қазақ» газеті жаңа дәуірдің шежіресі деуге болады. Ол съезд бағдарламасын жазуға өз үлесін қосты.

Мәңгілік тұлға – Абай

Алаштың алып тұлғасы, данышпан ақын, ойшыл философ, ағартушы Абай Құнанбайұлының дүниеге келгеніне биыл 180 жыл толып отыр. Абай – қазақ халқының рухани өлемінде мәңгілік орын алған дара есім. Ол – өз дәуірінің ғана емес, келер ұрпақтың да шамшырағы, қазақ руханиятының темірқазығы.

1845 жылы 10 тамызда дүниеге келген Абай қазақтың өмірін, тұрмысын, дүниетанымын, болмысын терең зерделеп, өз шығармаларында көркем суреттеді. Ол тек ақын емес, ағартушы, реформатор, қоғам қайраткері болды. Абай өз халқын өнер-білімге, еңбекке, әділетке үндеді. Ол «Толық адам болу», «Бес нәрседен қашық бол, бес нәрсеге асық бол» – деген ұлағатты ойларымен бүгінгі ұрпаққа да бағыт-бағдар береді.

Абайдың қалдырған мұрасы – ұлттың баға жетпес рухани байлығы. Оның 200-ден астам өлеңі, 45 қара сөзі, бірнеше поэмасы – ғасырлар бойы халықтың санасын оятқан, жас ұрпақтың бойына ізгілік пен білімге деген құштарлықты дарытқан құдіретті күш.

Абай – қазақ әдебиетінде жаңа дәуірдің бастаушысы. Ол Шығыс пен Батыс мәдениетін біріктіріп, қазақ поэзиясын мазмұн мен пішін жағынан жаңа деңгейге көтерді. Оның орыс әдебиетімен танысуы, А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, И.А.Крылов сынды қаламгерлерді аударуы – қазақтың рухани өлеміне еуропалық

ой-санада жаңғыру үрдісін әкелді.

Абайдың 180 жылдығы – тек мерейтой емес, ұлт болып ойланатын, рухани биіктейтін үлкен тарихи сәт. Бұл дата елімізде кеңінен аталып өтуде. Соның бірі – Түркістан облыстық «Фараб» әмбебап ғылыми кітапханасының ұйымдастыруымен өткізілетін «Абай оқулары» байқауы. Бұл байқау аудандық кітапхана қабырғасында өтеді. Негізгі мақсаты – Абай шығармашылығын кеңінен насихаттау, жас ұрпақтың рухани дүниесін байыту, көркемөнер оқу шеберлігін шыңдау және ақын мұрасын терең таныту.

Байқау үш кезеңнен тұрады: 1. «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», 2. «Абайдың қара сөздері», 3. «Абайдың ақын шәкірттерінің шығармалары». Байқауға әдебиетке, өнерге, Абай мұрасына қызығушылық танытқан барлық оқырмандар мен жастар қатыса алады. Абайдың мәңгілік мұрасы – әр қазақ үшін асыл қазына. Оны жаңғыртып, келер ұрпаққа жеткізу – баршамыздың ортақ міндетіміз. Сол себепті, барлық өнерлі, руханиятқа жақын оқырмандарды байқауға қатысуға шақырамыз. Абайды оқып қана қоймай, оны ұғынуға асығайық! Қатысып, ұлы тұлғаның рухани мұрасын бірге дәріптейік!

Р. СӘРСЕБЕКОВА,

аудандық кітапхана библиографы.

Жарамсыз деп табылсын

Какимжанов Жалғас Нурболатовичке 2017 жылғы 14 қыркүйекте Төлеби ауданының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімі берген АА сериялы №1313512 әскери билет жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылсын.

Валиев Аскер Валиевичтің меншігіндегі «Chevrolet Epica» маркалы автокөліктің 599HUA13 мемлекеттік тіркеу номері (алдыңғы) жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылсын.

Шевченко Александр Сергеевичтің меншігіндегі «BA3-21120» маркалы, мемлекеттік тіркеу номері 728DNA17 автокөліктің техникалық тәлқұжаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылсын.

Исмагулов Ардак Асылхановичтің меншігіндегі «Toyota Camry Hybrid» маркалы автокөліктің 938AOW13 мемлекеттік тіркеу номері (алдыңғы, артқы) жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылсын.

Онгарбай Қарақат Бекболатқызына 2023 жылғы 14 қарашада ҚР Ішкі істер министрлігі берген №054886775 жеке куәлік жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылсын.

Калтаева Шолпан Абдыхановнаға 2023 жылғы 27 қарашада ҚР Ішкі істер министрлігі берген №055003875 жеке куәлік жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылсын.

Дуйсебаев Нурдаулет Хайратовичке 2025 жылғы 30 қаңтардағы ҚР Ішкі істер министрлігі берген №058747897 жеке куәлік және 2016 жылғы 24 ақпандағы ҚР Түркістан облысы Жол полициясы берген ХЗ сериялы №051282 жүргізуші куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылсын.

Дуйсебаев Хайрат Тойлибайұлының меншігіндегі «Opel Vectra» маркалы, мемлекеттік тіркеу номері 301BAF13 автокөліктің техникалық тәлқұжаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылсын.

Мұрабайдың тісі түнімен зар қақсап ауырып, бір минут көз шырымын алмады. Шыбын жаны шырқырап, азу тісінің арасына тығылып тұрғандай көрінді. Осы қазақ та қызық халық, ағайын-туысы, көрші-қолаңы болып араларында біреуіне салқын тиіп сәл түшкіріп қалса, бәрі шетінен көңілін сұрап келеді, хал-жағдайын біледі, бірер кесе шәйін ішіп кетеді. Бірақ сол сырқаттың өзін бай мен жарлы дегендей, бір-бірінен бөліп-жарып қарайтынына қайран қаламын. Дәлел керек пе? Дәлел дегеніңіз жетіп-артылады. Мысалы, жұғатыны көп, жұқпайтыны аз, санасаң, санына сан жетпейтін аурулардың ішінде тіс ауруын осы уақытқа дейін ауру қатарына санаған емес, санамайтын да шығар. Мысалы, Мұрабайдың тісі ауырғанына бір аптадай уақыт өтсе де ағайын, дос-жаран, көрші-қолаң арасынан көңілін сұрап келген тірі пенде болмады. Сонысына ренжисіз де.

Тісінің ауырғаны әбден жанына батып, дөңбекшіп әрі-бері аунай берген соң жанында жатқан әйелі де көңілін сұрап, демеу болудың орнына: «Ыңырсып ұйқы бермедің ғой, бар, басқа бөлмеге барып жат!», – деп төсегінен қуып шыққандай болды. Таңертең шеткі бөлмеде тіс ауруы әбден жанына батып, әрі-бері аунап жатқан Мұрабайдың жанына келген бақшаға барып жүрген кіші ұлы Қанат:

– Папа, тұр, тамақ дайын, – деді.
– Қайдағы тамақ! – деді бүркеніп алған көрпесінен қылтитып басын шығарған Мұрабай. Әкесінің бір күнде мүлдем басқа кейіпке еніп кеткен түрін көріп, даусынан әрең таныған ұлы:
– Папа, сен шынымен менің папамсың ба? – деді.

– Соны өзім де білмей жатырмын, кім екенімді бар, мамаңнан сұра, – деді.

– Қумашы, менің папама сәл ұқсайсың ғой, бірақ екі көзіңіз бірдей қызарып, бір жағыңыз семіріп кетіпті, әбден тойғанша не жеген едіңіз? – деді.

– Не жегені несі! Балам-ау, тісім кешеден бері сырқырап қатты ауырып нәр татпадым. Бір тамшы су ішу де мұң болды. Түнімен ұйқы бетін көрмедім, айналайын! – деді баласына мұңын шаққан болып.

– Тісіңіздің ауырғанына несіне өкпелейсіз? Кішкентай кезіңізде көмпит көп ұрлап жегенсіз де, содан тісіңіздің бәрі

Әркімнің өз есебі бар

(әзіл-шыны аралас)

құрттап кеткен, – деді ұлы. Тап сол кезде бөлмеге кіріп кішкентай ұлының сөзін құлағы шалып қалған әйелі:

– Сен де өкеңнен аумаңсың, төттіден төтті қоймайсың, тісіңнің бәрін құрттатып алып, өкең сияқты осылай ойбайлап жатасың әлі. Папаңа айт, қазір тіс дәрі-



геріне барып, ауырған тісін көрсетсін, емдетсін, – деді әйелі Батпа.

Таңертең Мұрабай тісінің сырқырағаны әбден жанына батып қиналған соң амалсыздан тіс емханасына келді. Аузын айқара ашып, отыз екі тісіне әбден үңіліп қарап көрген соң Еркебай дәрігер:

– Азу тісіңізді әбден құрт жеп шірітіп жіберіпті, жұлып тастау керек. Алдын-ала айтайын, әр тісті мың теңгеге жұламын, бізде баға солай, келісесіз бе? Келіспесеңіз өз еркіңіз, біздікі ақылы қызметке жатады, – деді.

– Келісемін, – деді ауруы әбден жанына батқан Мұрабай.

Еркебай дәрігер Мұрабайдың азу тісінің қызыл етіне ине шаншыды да сәлден соң: «Бір жағыңыз ұйыды ма?», – деді де, оның жауабын күтпей, азу тісін «қырт» еткізіп жұлып алды да:

– Қане, енді мынаған түкіріңіз, – деді шалқайып жатқан Мұрабайға креслоның қапталындағы қан сасыған түкіргішті көрсетіп.

Азу тісі жұлынған Мұрабай қай тісін

«құрт» жеп қойып ауырғанын өзі де сезбей мәңгіріп отыр. Аздап ес жиған соң қалтасынан бүтін екі мың теңгені алып Еркебайға ұсынды.

– Менде екі мыңға қайтаратын майда ақша жоқ, мың теңгелігіңіз бар ма, көке? – деді.

– Майда ақша менде де жоқ, – деді әлі де болса өз өзіне онша келе алмай отырған Мұрабай.

– Көке, ендеше былай болсын, сізде де, менде де ұсақ ақша, оны майдалайтын адам, магазин іздейтін уақыт жоқ, тісі ауырып кезек күтіп тұрған адам да көп, көне аузыңызды ашыңыз, – деді. Мәселенің мәніне онша түсіне қоймаған Мұрабай аузын ашты. Сол кезде шалт қимыл жасаған Еркебай дәрігер Мұрабайдың тағы да бір тісін жұлып алды да:

– Көке, міне, енді екеуіміздің есебіміз түп-түгел болды, жұлынған екі тіске екі мың теңге алдым, ризасыз ба? – деді.

– Әй, сен не істедің, менің құрт жеп ауырмаған, сап-сау тісімді жұлып тастағаның не?! – деді аузынан қан шашырап ашуға мінген Мұрабай.

– Көке, несіне ашуланасың, сап-сау тісіңізді бүгін құрт жемесе ертең жейді де, аурудың алдын алған жақсы. Кейіннен құрт жеп қойып ауырғанда жұлдыруға бәрібір маған келер едіңіз. Тісіңіздің жоқтығына қамығып, қорықпаңыз, орнына ешқашан ауырмайтын жап-жаңасын өзім салып беремін, тек ақысын төле-сеңіз болды, – деді Еркебай...

...Осы оқиғадан кейін көп жыл өтті. Тіс доғдыр Еркебай ауылдасы Мұрабайдың аузындағы тісінің бәрін түк қалдырмай шетінен біртіндеп жұлып тастап, өз қолымен алмалы-салмалы протез тіс салып берді. Әрине, тегінге емес. Кәсіпкерлікке әбден ден қойған заманда бала-шағаға дейін әркімнің өз есебі бар. Мұрабайды енді тіс ауруы ешқашан мазаламайтын болды. Зейнеткерлік жасқа жеткенше Еркебайның арқасында барлық тісінен құтылып, қызыл иегі ғана қалған. Ешкім елей бермейтін тіс ауруын асқындырып жібермей, алдын алған тіс доғдыр Еркебайға газет арқылы айтар алғысымыз шексіз.

О.СҮТТІБАЕВ.

Төлеби аудандық білім бөлімі мен білім қызметкерлері кәсіподағының аудандық комитеті осы мекемеде ұзақ жылдар қызмет атқарған

АСАНОВ Балтабай

Жұмабайұлының

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, туған-туыстарына көңіл айтып, қайғысына ортақтасады.

«Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернаты» КММ-нің ұжымы осы мектептің мұғалімі Асанов Шойбек Балтабайұлына әкесі

АСАНОВ Балтабай

Жұмабайұлының

қайтыс болуына байланысты көңіл айтып, қайғысына ортақтасады.

Ақайдар жалпы білім беретін мектебінің ұжымы осы мектептің психологы Анна Джумабековаға анасы

ДЖУМАБЕКОВА Валентинаның

қайтыс болуына байланысты көңіл айтып, қайғысына ортақтасады.

Өл-Фараби атындағы жалпы білім беретін мектеп ұжымы осы мектептің мұғалімі Бекбауова Данаға әкесі

БЕКБАУОВ Аязбайдың

қайтыс болуына байланысты көңіл айтып, қайғысына ортақтасады.

Өл-Фараби атындағы жалпы білім беретін мектеп ұжымы осы мектептің мұғалімі Сайдамет Нодираға қызы

ТАХИРЖАНОВА Сумаяның

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты көңіл айтып, қайғысына ортақтасады.

● «Адал азамат» бағдарламасы

Мектептерде бірыңғай тәрбие бағдарламасы енгізіледі

Жаңа оқу жылынан бастап еліміздегі барлық білім беру ұйымдарында, соның ішінде жекеменшік мектептерде де тәрбие жұмысы «Адал азамат» атты бірыңғай бағдарлама негізінде жүргізілмек. Бұл бағдарлама – бұған дейін жүзеге асырылған «Біртұтас тәрбие» тұжырымдамасының жалғасы. Алайда мазмұны жаңартылып, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Адал азамат – адал еңбек – адал табыс» идеологиялық ұстанымымен үндестірілген.

Бағдарлама ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 2025 жылғы 26 мамырдағы №123 бұйрығымен бекітіліп, оның үйлестірушісі – Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. Жобаның негізгі мақсаты – адал, еңбекқор, отансүйгіш жас ұрпақты тәрбиелеу, жалпыұлттық құндылықтарды дәріптеу, ата-ана, мектеп және қоғам арасындағы байланысты күшейту.

Айрықша атап өтерілігі – енді бұл бағдарлама жекеменшік білім беру ұйымдары үшін де міндетті. Бұл тәрбие жұмысының ел көлемінде бірізді, жүйелі түрде жүргізілуіне жол ашып, барлық оқушыға тең мүмкіндіктер мен орта қалыптастырады.

Бағдарламаның аясында барлық мектептер үшін бірыңғай визуалды стиль – брендбук әзірленеді. Мектептің ішкі және сыртқы кеңістігі ұлттық тәрбиелік құндылықтарды бейнелейтін ортаға айналады.

Тәрбие жұмыстарын жүзеге асыруда мектептер білім беру ұйымдарымен қатар, құқық қорғау, денсаулық сақтау, ішкі саясат саласындағы мекемелермен бірлесіп жұмыс істейтін болады. Бұл – жас ұрпақтың жан-жақты дамуына, азаматтық жауапкершілігі мен адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына бағытталған маңызды қадам.

Бұған дейін жүзеге асырылған «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында елімізде мектеп оқушыларының жан-

жақты дамуына бағытталған бірнеше ірі жоба қолға алынған болатын. Атап айтқанда:

– «Қамқор» – экология мен волонтерлік бағыттағы бастамаларды қолдай отырып, оқушылардың табиғатқа жанашырлықпен қарауын, қоғамға пайдалы істерге белсене араласуын мақсат тұтты;

– «Еңбегі адал – жас өрен» – оқушыларды еңбекке баулу мен болашақ мамандығын дұрыс таңдауға бағыттайтын жоба;

– «Smart Bala» – инновациялық технологиялар мен IT саласына қызығушылықты арттыруға, заманауи ойлау қабілетін дамытуға жол ашты;

– «Шабыт» – өнер мен мәдениет арқылы оқушылардың рухани дүниесін байытып, шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етті;

– «Ұшқыр ой алаңы» – пікірсайыс пен зияткерлік ойындар арқылы жасөспірімдердің сыни ойлауын, шешендік қабілетін жетілдіруге бағытталды;

– «Балалар кітапханасы» – оқу сауаттылығын арттыруға, кітапқа деген сүйіспеншілік пен мәдениетті қалыптастыруға арналған.

Сонымен қатар, балалар арасындағы буллинг, құқықбұзушылық пен киберқауіпсіздік мәселелерінің алдын алуға бағытталған жобалар да маңызды рөл атқарды. Олардың қатарында:

– «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам»;

– «Буллингтен қорған!»;

– «Қауіпсіз қоғам» секілді бағдарламалар бар.

Осы жобалардың барлығы тәрбие жұмысының мазмұнын кеңейтіп, әрбір мектепте қауіпсіз, қолайлы әрі құндылықтарға негізделген орта қалыптастыруға мүмкіндік берді. Жаңа «Адал азамат» бағдарламасы осы бастамаларды дамытып, ел мектептерінде бірыңғай тәрбие кеңістігін құруға бағытталған жүйелі әрі маңызды қадам болып отыр.

Дүйсенбі күні Мемлекет басшысының «Заң және тәртіп» қағидасын насихаттау мақсатында «XXI ғасырдың қаржылық триггерлері» атты ақпараттық-танымдық форум ұйымдастырылды. Аукымды шара аудан әкімдігі мен мобильді ақпараттық-насихат тобының бастамасымен өтті.

Ақпараттық-танымдық форум

Форумның басты мақсаты – тұрғындардың қаржылық сауаттылығын арттыру, қаржылық алаяқтықтың алдын алу, пирамидаларға қарсы қоғамдық иммунитет қалыптастыру және азаматтардың құқықтық қауіпсіздігін нығайту.

Форум жұмысына мемлекеттік мекеме қызметкерлері, құқық қорғау органдарының өкілдері, колледж ұжымдары, ардагерлер мен жастар қатысты. Шараны аудан әкімі аппаратының басшысы Аманбек Өміртай ашып, қоғамда белең алып жатқан алаяқтық әрекеттер мен олардың салдарына тоқталып, бұл бағытта жүргізіліп жатқан жұмыстар жайлы баяндады.

№9 колледж директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары өз баяндамасында интернет алаяқтық, қаржы пирамидалары, жеке деректердің қауіпсіздігі және қаржылық мәдениеттің маңызы туралы нақты деректер келтіріп, тыңдаушыларға құнды кеңестер ұсынды.

Форум соңында көшпелі қоғамдық қабылдау ұйымдастырылып, қатысушылар мамандарға сауалдарын қойып, пікір алмасуға мүмкіндік алды.



300 тоннаға жуық өнім жиналды



Тасарық ауылдық округінің тұрғыны Сабыржан Танабаев 20 гектар аумаққа жүзім бағын өсіріп, мол өнім алуда. Қазіргі таңда бауда 4 түрлі жүзім өсірілуде.

Шаруашылықта тұрақты түрде 16 адам еңбек етеді, ал егін жинау маусымында жұмысшылар саны 100-ге дейін артады. Шілде-тамыз айларында пісіп жетілген өнім базар мен сауда орындарына көтерме бағамен жөнелтіледі.

Жүзімге сұраныс жоғары, бір маусымда 300 тоннаға жуық өнім жиналады.

Аудан әкімі Еркеғали Әлімқұлов аталған шаруашылықтың жұмысымен танысып, өнімділігі жоғары алқаптарды аралап көрді. Ол шаруалармен жүзімнің күтіп-бапталуы, суару және егін жинау технологиялары бойынша пікірлесіп, ұсыныс-тілектерін тыңдады.

Әкім бұл бағыттың өңір экономикасы үшін маңы-

зын атап өтіп, жаңа жұмыс орындарын ашу, өнім көлемін арттыру және инфрақұрылымды дамытуда аудан әкімдігі тарапынан қолдау жалғасатынын жеткізді. Сонымен қатар, агросекторда заманауи технологияларды енгізу арқылы ауыл шаруашылығының тиімділігін арттыру міндеті алға қойылып отыр.

«Төлеби-ақпарат».

Жаңа жоба қолға алынды

Ауданымызда ірі инвестициялық жоба – «AZIA MILK» маркасымен тауарлы-сүт фермасының құрылысы қарқынды жүзеге асырылуда. Зертас ауылында орналасқан жоба заманауи израильдік технологиялар негізінде толық автоматтандырылған жүйемен жабдықталуда.

10 гектар аумақта бой көтерген сүт фермасында 1 200 бас голштино-фриз тұқымды сиыр бағылмақ. Еуропалық стандартқа сай кешенде:

- салқындату және желдету жүйесі;

- метеостанция;

- жарықтандыру мен бейнебақылау;

- сүтті жинау және өңдеу орталығы қарастырылған.

Жобаның жалпы құны 1,3 млрд теңгені құрайды. Сонымен қатар, мал шаруашылығы қалдықтарын қайта өңдеу бағытында да жұмыстар жүргізілмек.

Қазіргі таңда нысанда 26 адам жұмыспен қамтылған. Жоба толық іске қосылған жағдайда 50 тұрақты жұмыс орны ашылады деп жоспарлануда.

Аудан әкімі Еркеғали Әлімқұлов құрылыс барысымен танысып, жобаның маңыздылығын атап өтіп, әкімдік тарапынан қолдау көрсетілетінін жеткізді. Кешеннің толық іске қосылуы 2027 жылға жоспарланып отыр.

«Төлеби-ақпарат».



Біздің мекенжайымыз: 161101, Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Ленгір қаласы, Төле би көшесі, 111 "Б" үй.

Меншік иесі: «Төлеби туы КЗ» қоғамдық-саяси газетінің редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ЖШС ДИРЕКТОРЫ –

БАС РЕДАКТОР

РАХМАНҚҰЛОВ

Әбдімәлік

Түймебекұлы

8-701-408-72-32

Бас редактордың орынбасары
Орынбасар СҮТТІБАЕВ (экономика және руханият)
8-706-413-11-56.

Бөлім меңгерушісі Ақжан ИМАНАЛИЕВА

(әлеумет, бұқарамен байланыс)

6-23-23, 8-702-494-81-71

Бас есепші Жанар ЕРЕЖЕПОВА

8-705-887-51-61.

Дизайнер Нұргүл МАМЫТХАНОВА

8-705-897-01-02 (жарнама)

Газеттің осы нөміріне жауапты кезекші
Ақжан ИМАНАЛИЕВА.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, «АР-принт-1» ЖШС-нің баспаханасында басылды.

Баспаханың мекенжайы:

Шымкент қаласы,

Төшенев көшесі, №24 үй.

Газетке жазылу индексі 66744

Таралымы 2862 дана. Тапсырыс №

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Редакция материалдардағы фактілердің дұрыстығына автор жауапты екендігін ескертеді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұны үшін редакция жауап бермейді.

«Төлеби туы» газеті Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2013 жылғы 20 маусымда тіркеліп, №13693-Г күәлігі берілген.